

ЖШС «Жанару» б/б меңгерушісі
Бекітемін
С.Атыгаева



***«Шебер қолдар»
вариативтік компонентінің перспективтік жоспары және тех картасы
Ортаңғы топ.***

2021-2022 оқу жылы

Түсініктеме хат

«Шебер қолдар» вариативтік компонент әдістемелік құралының басты бағыты «шығармашылық» білім беру саласы бойынша баланың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Әдістемелік құрал 36 сағатқа жоспарланып, соған сәйкес технологиялық карталар дайындалды.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру бала үшін өзінше әр қайсысы қызықты. Бала бейнелеу өнерінің қай түрімен айналысса да өз көңіл күйін білдіре алады. Бейнелеу өнері ең алдымен балалардың эстетикалық, адамгершілік, еңбексүйгіштік, ойлау қабілеттерін дамытады.

Суретті салған уақытта балалар салынған суреттің неге ұқсайтынын, оның нәтижесін айтып, өз көзқарасын білдіре алады, суретке деген көзқарастары эстетикалық баға берумен қатар танымдық қабілеттері дамиды.

Бейнелеу оқу іс-әрекеттерінде балаларда бастаған істі аяқтау, ой тұрақтылығы, мақсатқа жету және қиындықты жеңе білу қабілеттері ашылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыруды орындау үшін еңбек жасалынады, сондықтан балаға белгілі бір біліктер, дағдыларды үйрету қажет:

-Сурет салу барысында бейнелеу өнерінің техникаларын, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастырып, дұрыс отыру, қылқаламмен және қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту;

-Дәстүрден тыс әдіс-тәсіл түрлері: мөр басу, кляксография, саусақпен сурет салу, монотипия, ылғал бетте сурет салу, май шаммен, түрту тәсілімен сурет салуға үйрету.

- бейнелеу өнерінің материалдары мен құралдарының қасиеттерімен таныстыру: гуашь және су бояулар, жай, түсті, көмір қарындаштары, ақ, түсті және боялған қағаздар;

- іс-әрекет мәдениетіне тәрбиелеу, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істеуге үйрету;

Мүсіндеу барысында: тұзды қамырдан мүсіндуге, қамырды түрлі-түске бояуға үйрету.

-Кесектен қажетінше мөлшерлеп, үзіп алып, заттың бөліктерін жасауға машықтандыру.

-Бөлшектердің ара қатынасын сақтауға, біріктіруге, орналастыра білуге үйрету.

-Заттың пішінін мүсіндеуге сәйкес әдістің өзіне тиімдісін таңдауға (созу, есу, жалпақтау, шымшу т.б.) үйретуді жалғастыру.

-Жапсыру бойынша қайшымен тиімді қолдануды, жырту тәсілі бойынша жапсыруға, түрлі материалдан мақтадан, жарма ұнтағынан аппликация жасауға үйрету.

Мүсіндеу, жапсыру, сурет салу іс-әрекетінде дәстүрден тыс әдістерді, түрлі заттарды пайдалану балалардың қызығушылықтарын, шығармашылығын дамытады. Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді пайдалану балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамытады. Мүсіндеу, жапсыру, сурет салу іс-әрекеттері баланың саусақ моторикасының дамуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, баланың мүсіндеу, сурет салу кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасады. Бейнелеу іс-әрекеттері барысында бала көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады. Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоционалды көңіл-күй туғызады.

**«Шебер қолдар»
вариативтік компонентінің перспективтік жоспары
Ортаңғы топ.**

Айы		Тақырыбы	мақсаты
Қыркүйек 1-апта	1	«Сиқырлы бояулар»	Бояуларды қылқаламды қолдануға үйрету. Бояуларды араластыруға жаңа түс жасауға жаттықтыру.
2-апта	2	«Күзгі пейзаж» (Жапсыру)	Күз белгілерін білуге, қолымен жырту әдісін үйрету. Қағаз бетіне бейнені дұрыс ораналастыру машығына баулу. Шығармашылық қабілетін дамыту. Табиғатты сүйюге, әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
3-апта	3	«Бақшада ма бауда ма?» (Мүсіндеу)	Балаларды жемістер мен көкөністерді айыра білуге үйрету. Көкөністер мен жемістердің пайдасы жайында білімдерін толықтыру. Мүсіндеу барысында көкөністер мен жемістердің пішінін дұрыс мүсіндей білуге үйрету
4-апта	4	Натюрморт (Сурет)	Балалардың натюрморт жанырындағы білімін толықтыру, композиция құруға үйрету.
Қазан 1-апта	5	«Қоянға сәбіз» (мүсіндеу)	Мүсіндей білу және саусақ бұлшық еттерінің қимылын жетілдіру.
2-апта	6	«Күзгі кілем» (сурет)	Гуашь бояуы арқылы «эстамп» тәсілін қолдана отырып сурет салуға үйрету. Танымдық қабілетін арттыру.
3-апта	7	«Саңырауқұлақ» (Мүсіндеу)	Үйренген әдістерді (домалату, есу, алақанмен басу, нақты пішін беру үшін саусақпен мүсіндеу) қолдана отырып таныс заттарды мүсіндеуге үйрету.
4-апта	8	«Ұлттық көйлек киген қыз» Жапсыру	Жырту тәсілімен жапсыруды үйретуді жалғастыру. Саусақ маторикасын дамыту. Шығармашылыққа тәрбиелеу.

Қараша 1- апта	9	Үй жануарлары (жапсыру)	Үй жануарлары мен таныстырып, ерекшелігі жайлы білім беру. Ойыншықтар жасауды қағаздың желімнің көмегімен, бөлшектерін бір-бірімен біріктіруге үйрету.
2- апта	10	«Құмырадағы гүл» (Сурет)	Дәстүрлі емес техникада, бастыру әдісі арқылы сурет салуға жағтықтыру. Түстерді таңдай білуге үйрету. Саусақ маторикасын дамыту.
3- апта	11	Тақырыбы: «Ағаш» (Сурет салу)	Балаларға ағаштың суретін желімнің көмегімен, талқан ұнтағымен салуға үйрету. Талқанды түрлі түске бояуға үйрету. Сурет салуға қызығушылығын арттыру.
4-апта	12	Тақырыбы: «Кірпі» (Мүсіндеу)	Кірпінің мүсінін салыстыру амалын меңгерте отырып мүсіндеуге, пропорцияларын дұрыс келтіруге үйрету. Қажетті материалды өзі таңдауға үйрету.
Желтоқсан 1-апта	13	«Қысқы ертегі» Сурет	Дәстүрлі емес техникада орман бейнесін бейнелеуге үйрету. Шығармашылығын дамыту. Саусақ маторикасын дамыту.
2-апта	14	«Түлкі және ұлпа қарлар» сурет салу	Дәстүрлі мес техника арқылы сурет салуға үйрету. Тұзбен сурет салуға қызығушылығын арттыру.
3-апта	15	«Аққала» жапсыру	Жарма ұнтағы арқылы сурет салуға үйрету, шығармашылығын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
4-апта	16	Тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат» мүсіндеу	мүсіндеу нышандарын дамыту, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндеуге үйрету. Саусақ маторикасын дамыту, ертегіні әңгімелету арқылы, сөздік қорын , шығармашылық қабілетін дамыту.
Қаңтар 1-апта	17	«Ертегідегі ғажайып құс» (сурет салу)	Дәстүрлі емес техникада , таяқша арқылы сурет салуға үйрету. Құстың суретін салу әдісін үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

2-апта	18	«Құстарға арналған печенье» мүсіндеу.	Балаларды түрлі әдістер арқылы мүсіндеуге үйретуді жалғастыру. Саусақ маторикасын, шығармашылығын дамыту.
3-апта	19	«Ормандағы қояндар» (Жапсыру)	Қолымен газетті умаждап дөңгелетуге, дөңгелектерден қоянның денесін жасауға үйрету.
4-апта	20	Тақырыбы: «Тасбақа» (Мүсіндеу)	Тасбақаны бөліктерден(басы, денесі, аяқтары, құйрығы)мүсіндеуге үйрету . домалату, есу, басып –жаншу, тегістеу, бөліктерді қосу әдістеріне жаттықтыру, берілген обрызды анық, келістіріп мүсіндеуге үйрету.
Ақпан 1-апта	21	Тақырыбы: «Теңіз тіршілігі» (Сурет салу)	Тетеңіз тіршілігімен таныстыру, алақанмен, саусақпен сурет салу арқылы саусақ маторикасын дамыту.
2-апта	22	«Гном» (жапсыру)	Мақтамен жұмыс жасауға үйрету. Алақан арасына салып мақтаны домалату арқылы пішіндер жасауға үйрету. Саусақ маторикасын дамыту.
3-апта	23	«Қар ханшайымның патшалығы» (Сурет)	Ғажайып патшалықты бейнелей білуге үйрету. Биік, аласа мұнараларды бейнелеуге, бояуға үйрету. Шығармашылық қиялын дамыту.
4-апта	24	«Үкі» жапсыру	Балалардың үкі құсы жайында білімдерін толықтыру, оның тіршілігімен, түр түсімен таныстыру. Дәстүрлі емес техникада композиция құруға үйрету.
Наурыз 1-апта	25	Тақырыбы: «Мимоза бұтағы» (Сурет)	Мимоза бұтағын дәстүрлі емес техниканы қолдана отырып (мақталы таяқшалар), және түрлі материалдарды - балауыз қарындаштар, гуашь біріктіру арқылы сурет салуға үйрету. Гүлдің бөліктері -сабағы, жапырағы, гүлі жайында, заттың түсі, пішіні, көлемі жайында білімдерін бекіту. Иілген сызықтар жүргізуге, штрихтауға үйрету. Саусақ маторикасын, қиялын дамыту. Шығармашылыққа қызығушылығын арттыру.
2-апта	26	Тақырыбы: «Анаға гүл» (Мүсіндеу)	Балаларды рельефті картина жасауға үйрету. Гүлді әр түрлі әдіс-тәсілдерді

			қолдана отырып (Саусақ арқылы пішін беруге, қамырды домалатып, шар жасау, басу; біржақ шетін созу, сүйірлеу, екінші шетін басу, тегістеу) мүсіндеуге үйрету, дайын формалар арқылы немесе стека арқылы кесіп алу. Эстетикалық тәрбие беру.
3-апта	27	Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар » (Сурет салу)	Балаларға гуашьпен жұмыс істеу техникасын үйрету. Қылқаламды дұрыс ұстауға, қылқаламды бояуға түгел батыру арқылы бояуды қажетті мөлшерде алып, артық бояуды ұқыпты ыдысының шетіне сүйкеу арқылы алып тастауға үйрету. Дәстүрлі емс әдіспен, қол, саусақ арқылы сурет салуға үйрету.
4- апта	28	Тақырыбы: «Гүлдер» сурет салу	Балаларды сулы қағазда сурет салу әдісімен таныстыру, акварель бояуымен сурет салуын жетілдіру. Балаларды түстерді үйлестіруге, сәнді композиция құруға үйрету.
Сәуір 1-апта	29	Тақырыбы: «Қуыршаққа көйлек» (Сурет салу)	қағаздың кейбір қасиеттерімен (қалың, жұқа, тез жыртылады) тәждірибелік іс-әрекет барысында (үзу, орау) таныстыру. Ой қабілетін, қол матрикасын дамыту.
2-апта	30	Тақырыбы: «Мысыққа сыйлық» (Сурет салу)	Геометриялық пішіндерден бейне құрастыруға, жапсыруға жаттықтыру. Геометриялық пішіндердің атауларын білу. Мақталы таяқшалар арқылы сурет салуын жетілдіру. Ұқыптылыққа, бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. Саусақ маторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін артыру.
3-апта	31	Тақырыбы: «Шөже» (сурет)	Үй құстары туралы білімдерін бекіту. Дәстүрлі емес техникада сурет салуға үйрету. Саусақ маторикасын дамыту.
4-апта	32	«Көбелек» сурет салу	Дәстүрлі емес техникада сурет салуға үйрету, суретті ұқыпты бояуға үйрету, саусақ маторикасын дамыту.
Мамыр 1-апта	33	Тақырыбы: «Жәндіктер әлеміне саяхат»	Жәндіктер әлемінің көп түрлілігі жайында түсінік беру. Балалардың қоңыз

		(Мүсіндеу)	мүсінін жасауға қызығушылығын артыру. Тұтас бөліктен қажетті бөлшекті бөліп алуға үйрету. Танымдық қабілетін, шығармашылығын артыру.
2-апта	34	«Жауқазын» гүлі сурет салу.	Балаларға умаждалған қағаз арқылы сурет салу тәсілін үйрету. Сурет салуға қызығушылығын арттыру.
3 апта	35	Тақырыбы: «Жапырақтағы ұлу»	Қолдың жіңішке маторикасын дамыту. Бөліктерге бөлуге, пропорцияларын дұрыс келтіруге үйрету, ширату, созу, орау, әдістерін пайдалана отырып, пішінін дұрыс келтіре отырып, бейнеге ұқсата білуге үйрету.
4-апта	36	«Жазғы пейзаж» сурет салу.	Балалардың сурет салуға қызығушылығын арттыру, «жазғы пейзаж» тақырыбында композиция құра білу нышанын арттыру. Жаз мезгілінің түстерін дұрыс таңдай білуге, үйлестіре білуге жаттықтыру.

«Шебер қолдар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы. **Ортаңғы топ.**

Білім беру аймағы: «Шығармашылық».

Бөлімдері: сурет салу

Тақырыбы: «Сиқырлы бояулар»

Мақсаты: Бояуларды сумен араластыруға үйрету, қылқаламды қолдануға үйрету.

Бояуларды араластыруға жаңа түс жасауға жаттықтыру.

Қажетті құрал: бояулар, қылқалам, түстердің суреті, жылы, суық түстерге байланысты суреттер.

Тәсілдер-кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Тосын сый: Қонаққа акварель бояуы мен гуашь бояуы келеді. <i>(акварель мен гуашь бояуларының қорабына көз, ауыз, мұрын, қол жасап жапсыруға болады немесе суреттері салынған демонстрациялық материал қолдануға болады)</i></p> <p>Балалар бояулар не үшін керек? Тәрбиеші балларға олар жайында оқиға әңгімелеп береді.</p> <p><i>Бір күні гуашь пен акварель бояуы екі бояудың қайсысы әдемі екеніне дауласып қалыпты. Акварель бояуы: - мен мөлдір, ашық бояуым мені сумен араластыруға болады. Мен әдемімін дейді.</i></p> <p><i>Ал гуашь болса: - мен қою бояуым, түсім қанық мені ақ бояумен араластырса менің түсім ашығырақ болады мен әдемімін дейді. Сол кезде қылқалам келіп: бояулар сендер бекерге дауласасыңдар мен сендердің екеуіңді де ұнатамын сендер екеуіңде керексіңдер суретшілер де сендерді ұнатады деп бояуларды татуластырған екен.</i></p>	<p>Балалар акварель мен гуашь бояуының келгеніне қуанады.</p> <p>Қызығушылығын білдіреді.</p> <p>Бояулардың сурет салу үшін керек екенін айтады.</p>
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Балалар сендер қалай ойлайсыңдар бұл дауласуда қылқаламның айтқаны дұрыс па? <i>Тәрбиеші балаларға іс әрекет барысында бояулардың қасиетімен жақынырақ таныстырады. Балаларды бояуларды жылы, суық реңктермен таныстырады.</i></p> <p>Балалар қағаздың оң жағына көк түсті</p>	<p>Балалар қылқаламның айтқаны дұрыс сурет салуға екі бояудың да қажет екенін айтады.</p>

	<p>дөңгелек, күлгін түсті дөңгелек, көгілдір түсті дөңгелек салындар, оң жақтағы түстер нені еске салады?</p> <p>Ал сол жағына қына сары, сары, қызыл түс салындар.</p> <p>Ал сол жақтағы бояулар нені еске салады?</p> <p>Оң жақтағы түстер суық түстер, ал сол жақтағы түстер жылы түстер.</p> <p>Ал енді жылы түстер мен суық түстердің ортасынан қағаздың ортасына екі жасыл дөңгелек салындар, біреуіне сары түсті қосындар не байқадық?</p> <p>Ашық жасыл түс нені еске салады?</p> <p>Ашық жасыл ол жылы түс.</p> <p>Ал екінші жасыл дөңгелекке көк түс қосындар не байқадыңдар?</p> <p>Күрең жасылға айналды ол суық түс.</p> <p>Балалар сонымен қатар негізгі түстер болады. Олар сары, қызыл,көк. Оларды басқа түстермен араластырсақ басқа түс пайда болатынын айтып өту. Балаларға қағаз бетінде түсті араластыру арқылы басқа түс шығару әдісін көрсету, түсіндіру.</p> <p>Д.О: «Аққалаға суық түстерді, күннің көзіне жылы түстерді таңдауға көмектес» ИКТ Power point бағдарламасы бойынша.</p> <p>Балаларға өз ойларынан сурет салуды ұсыну.</p>	<p>Оң жақтағы бояулар Қар, мұз, суды т.б. еске салады.</p> <p>Сол жақтағы бояулар күннің көзін, отты, гүлді т.б еске салады.</p> <p>Ашық жасыл түс пайда болды.</p> <p>Ашық жасыл жапырақты, шөпті еске салады</p> <p>Күрең жасыл пайда болды. Суық теңіздің түсі</p> <p>Балалар қағаз бетінде бірпен екінші түсті араластырып басқа түс жасап үйренеді.</p> <p>Балалар слайдтан күннің көзі мен аққалаға қажетті жылы, суық түстердің реңктерін тауып жинайды.</p> <p>Балалардың өзіндік жұмысы.</p>
Рефлексивт	Балалар біз қандай негізгі түстермен	Қызыл, сары, көк.

<p>і коррекциял аушы</p>	<p>таныстық? Жылы түстерге қандай түстер жатады? Ал суық түстерге ше? Ойын: «Өзіңе ұнаған түсті таңда»</p>	<p>Сары, қынасары, қызыл, ашық жасыл жылы түстер. Суық түстер көк, көгілдір, күлгін. Балаларға қағаздан қиылған бірнеше түрлі түсті дөңгелектер ұсынылады. Балалар дөңгелектерден өздеріне ұнаған түсті таңдап алады не себепті сол түсті таңдағанын айтады.</p>
----------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: негізгі, жылы, суық түстерді, акварель мен гуашь бояуының қасиетерін.

Түсінеді: түстерді араластыру арқылы басқа түс жасау әдісін.

Қолданады : өз ойларынан сурет салу барысында қылқаламды, бояуларды дұрыс қолданады.

«Шебер қолдар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы. *Ортаңғы топ.*

Білім беру саласы : «Шығармашылық»

Бөлімі: Жапсыру.

Тақырыбы: « Күзгі пейзаж».

Мақсаты : Күз белгілерін білуге, қолымен жырту әдісін үйрету. Қағаз бетіне бейнені дұрыс ораналастыру машығына баулу. Шығармашылық қабілетін дамыту. Табиғатты сүйюге, әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Құралдар: күз пейзажы бейнеленген суреттер, түсті қағаз, желім.

Іс- әрекеті кезені	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс -әрекеті
І кезең- мотивациялық- қозғаушы	Балаларға жұмбақ жасыру: Жиып теріп болатын Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? Сюжетті суреттерді көрсету.	Балалар жұмбақты тыңдап, шешуі күз мезгілі екенін айтады. Балалар сюжетті суреттерді қарайды.
ІІ кезең- ұйымдастырушыл ық -ізденушілік	Күз мезгілінде неше айы бар? Балалар күз мезгілінде табиғат қалай өзгереді? Балалар табиғатты бейнелегенде нені бейнелейміз? Балалар табиғат бейнеленген суретті біз «Пейзаж» деп таймыз. Д. о: «Күзгі пейзаж құрау» ИКТ Power point бағдарламасы бойынша Балаларға күз мезгілінің апликациясын жырту	Күз мезгілінде үш айы бар олар: қыркүйек, қазан, қараша. Балалар күз мезгілінің белгілерін атайды. Күн бұлттанып, жаңбыр жауады жел тұрып жапырақтар жерге түседі.т.б Ағаштарды, жапырақтарды, тауды, өзен, көлдер, шөп, гүл т.б. Балалар слайдтан күзгі пейзажға қажетті суреттерді таңдап алады.

	<p>әдісі арқылы жапсыруды ұсыну. Балаларға жапсыру тәсілін түсіндіру. Түсті қағазды ұсақтап жыртып аламыз. Жыртылған қағаз бөліктерін Алдын ала қарындашпен салынған суретке жапсырамыз. қоңыр түсті қағаздан ағаштың дінін, бұтағын жапсырамыз. сары түсті қағаздан жапырақтарды жапсырамыз. Кезеңдермен түсіндіру. Балалардың өзіндік жұмысы.</p> <p>Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп –кішкентай бөбектер Үп-үлкен боп өседі. Жұмысты ұқыпты жасауын ескерту.</p>	<p>Балалар түрлі-түсті қағазды алдын ала бөліктерге жыртып алады. Қоңыр түсті қағаздан ағаштың дінін, сары түсті қағаздан жапырақтарды жапсырады.</p>
<p>III кезең- Рефлексивті- түзеуші</p>	<p>Балаларға біз сендермен бүгін қандай жыл мезгілінің бейнесін жапсырдық? Табиғат бейнеленген сурет қалай аталады? Балаларды мадақтау.</p>	<p>Балаларға бір-бірінің суреттеріне баға береді. Суретерін көрмеге іледі. Табиғат бейнеленген сурет «пейзаж» деп аталады.</p>

Күтілетін нәтиже :

ұғынады: Күз мезгілінің белгілерін.

Түсінеді: сюжетті жапсыру жасауды.

Қолданады: жыртыу әдісін қолданады.

«Шебер қолдар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы. *Ортаңғы топ.*

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Бөлімі: мүсіндеу

Тақырыбы: «Бақшада ма бауда ма?»

Мақсаты : Балалардың жемістер мен көкөністерді айыра білуге үйрету. Көкөністер мен жемістердің пайдасы жайында білімдерін толықтыру. Мүсіндеу барысында көкөністер мен жемістердің пішінін дұрыс мүсіндей білуге үйрету.

Қажетті құралдар: ойыншық қонжық, гүлдің бейнесі, түрлі түсті камыр.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қонаққа қонжық келеді. Өзінің ауырып қалғанын айтады. Балалар қонжыққа көмектесейік. Ауырмаудың жолдарымен таныстырайық Ол үшін бізге сиқырлы гүл көмектеседі.	Балалар қонжықтың келгеніне қуанады, қызығушылық білдіреді қонаққа көмектесуге ниет білдіреді.
Іздену – ұйымдастырушы	Гүлдің жапырағында бала тісін тазартып жатқан сурет, күнге қыздырынып жатқан, спортпен шұғылданып жатқан суреттер бейнеленеді. Балалар қонжыққа жаттығу жасауды үйретейік. Балалар жаттығу жасайды. Балалар қонжықтан ауырғанда немен қоректенетінін сұрайық. Қонжық тек қана балмен ғана қоректенеді. Қонжық, денің сау болу үшін тек қана балмен ғана қоректенбей сонымен қатар жеміс жейдек те жеу керек. Қонжық: балалар менің бақшамда жемістер мен көкөністерм бар бірақ олардың адамға қандай пайдасы бар? Апельсин микробтардан қорғайды. Алма қанды тазартады. Лимон суық тиюден сақтайды. Балалар менің бақшамдағы көкөністер мен жемістер араласып кетті. Мен енді қайсы көкөніс қайсы жеміс екенін ажрата алмай тұрмын сендер маған көмектесесіңдер ме? Д. О: «Жемістерді себетке жина» <i>Мақсаты: жемістер мен көкөністерді ажырата білуге үйрету.</i> Қонжық біздің балалар жемістер мен көкөністерден қалай тосап қайнатуға болатынын біледі. Саусақ жаттығуы. «Тосап қайнатамыз» Біз тосап қайнатамыз. Жеміс- жидек көп керек, / Алақандарын тостаған қылады, оң қолдың сұқ саусағымен араластырады./ Алманы үгітеміз, /саусақтарын бас саусақтан бастап бүгеді/	Балалар гүлдің жапырағындағы суреттер арқылы денсаулықты сақтаудың жолдарын айтады Балалар жемістер мен көкөністердің құрамында дәрумендер бар екенін айтады. Балалар көкөністердің арасынан жемістерді тауып себетке салады.

	<p>Алмұртты біз тураймыз , Лимон шырынын қосамыз, Өрік пен қант қосамыз. Қонақтарды шақырамыз, Тосаптан дәм татқызамыз. / Тағы да қайнатып, саусақпен араластырады/. Балаларға қонжыққа арнап көкөністер мен жемістерді мүсіндеуді ұсыну.</p>	
<p>Рефлексивті коррекциялаушы</p>	<p>Балалар біз сендермен нелерді мүсіндедік? Көкөністерге нелер жатады? Жемістерге нелер жатады? Балалар жасаған жұмыстарын қонжыққа сыйлайды.</p>	<p>Сәбіз, қызылша, қияр т.б. Алма, алмұрт, апельсин, лимон. Т.б.</p>

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: көкөністер мен жемістерді ажырата білуі тиіс

Түсінеді: көкөністер мен жемістердің пайдасын түсінеді.

Қолданады: мүсіндеудің әдіс- тәсілдерін дұрыс қолданады.

«Шебер қолдар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы **Ортаңғы топ.**

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Тақырыбы: «Натюрморт»

Мақсаты : Балалардың натюрморт жанырындағы білімін толықтыру.

Композиция құруға үйрету.

Қажетті құралдар: жемістердің муляждары, құмыра, бояу натюрморт бейнеленген суреттер.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға бірнеше натюрморт бейнеленген суретшілердің жұмысын көрсету. Балалар суретте не көріп тұрсындар? Балалар бұл суреттің жанры натюрморт деп аталады.	Балалар суреттен көріп тұрған заттарды атайды.
Іздену – ұйымдастырушы	«Натюрморт » деген сөз француз тілінде аударғанда жансыз заттар дегенді білдіреді. Натюрморт суретін қарағанда біз адамды қоршаған заттар әлемінің алауан түрлілігін бақылай аламыз. Қарапайым заттарды бейнелей отырып олардың әдемілігін көрсетуге болады. <i>Д.о: «Натюрморт құрастыру»</i> <i>Мақсаты: басқа заттардың арасынан натюрморт жанрына қажетті заттарды табуға, композиция құруға үйрету.</i> Балалар ал енді біз берілген жемістер мен құмырадан композиция құрып, соны бейнелейік. Балалар затқа қарап бейнелеуге тырысады.	Балалар слайдтан натюрморт жанрындағы сурет құрайды. Балалардың өзіндік жұмысы.
Рефлексивті коррекциялаушы	Балалар біз қандай жанрда сурет салдық? Балалардың суреттерінен көрме ұйымдастыру.	Балалар бір-бірінің суреттерін қарайды, талдайды.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады : натюрморт жанры ұғынады.

Түсінеді: композиция құруды.

Қолданады: затқа қарап сурет салуды қолданады.

Білім беру аймағы: «шығармашылық»

Бөлімдері: сурет

Тақырыбы: «Күзгі кілем»

Мақсаты : «Гуашь бояуы арқылы «эстамп» тәсілін қолдана отырып жапырақты қағазға бастыру арқылы сурет салуға үйрету. Танымдық қабілетін арттыру.

Қажетті құралдар: ақ қағаз, жапырақтар, сүлгі, гуашь бояулары, қолданылған жапырақты салуға арналған ыдыс, клеенка.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалар қазір қандай жыл мезгілі? Күз мезгілінің белгілерін атап беріндерші Күз мезгілі несімен ұнайды? Балалар енді мынау өлең жолдарын тыңдаңдаршы Алтын, сары, қызыл, көк Алуан, алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.	Балалар күз мезгілінің белгілерін атайды. Күн суытады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Ағаштардың жапырақтары сарғайып түседі. Т.б. Балалар күз мезгілін несімен ұнайтынын айтады.
Іздену – ұйымдастырушы	Балалар күз мезілінде далада жерде жатқан жапырақтардың алуан түрлілігі расымен де көз тартады. Сиқыршы бояп қойғандай болып көрінеді. Балалар мен сендерге бүгін сиқыршыға айналуға ұсынамын. Бүгін біз сендермен «эстамп» әдісі арқылы күзгі кілем бейнесін саламыз. Эстамп ол бастыру дегенді білідіреді. Бүгін біз жапырақтарды әр түрлі түске бояп оны қағазға бастыру арқылы күзгі кілемді бейнелейміз. Ол үшін клеенканың үстіне жапырақты қойып жапырақты бояудың көмегімен қылқаламмен бояймыз жапыраққа бояу жағамыз, енді осы бояу жағылған жағын қағазға бастырамыз сол кезде қағазда жапырақтың бейнесі пайда болады. Қ.О: «Күзгі жапырақтар» Балалар музыка әуенімен жапырақ болып ұшып араласып жүреді. Музыка тоқтаған кезде балалар жапырақ болып жерге отыра қалуы керек. Кім қимылдап қояды сол ойыннан шығады. 2-3 рет ойын ойналады. Балалар ал енді демалып алсақ орнымызға отырып сурет салайық. Балалар Чайковскийдің «күз» әуен ырғағымен сурет салады.	Балалар қимылды әуен ырғағымен жапырақтардың қимылын келтіреді.
Рефлексивті коррекциялаушы	Балалар біз бүгін нені бейнеледік? Балалар жұмыстарын көрмеге орналастырады.	

Күтілетін нәтиже:

ұғынады: күз мезгілінің белгілерін.

түсінеді: суреттің мазмұнын түсінеді.

Қолданады: эстамп тәсілін қолданады.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Бөлімі: жапсыру

Тақырыбы: «Ұлттық көйлек киген қыз»

Мақсаты: Жұлу әдісі арқылы жапсыруға үйрету. Саусақ маторикасын дамыту.

Қажетті құралдар: суретке салынған көйлектің пішіні, түсті қағаз, желім, қарындаштың ұшталынған қалдығы.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық- қозғаушы	Балалар бүгін бізді Айгүл деген қуыршақ қонаққа шақырды. Балалар ендеше Айгүл қуыршақтың үйіне барайық. Ой балалар, міне Айгүлдің үйіне де келіп жеттік. Қуыршақ Айгүлмен амандасайық. Балалар Айгүл қуыршақ киіз үйде тұрады екен . Балалар қараңдаршы бұл киіз үйде қандай бұйымдар бар екен. Сандық,көрпе, жастық, бесік, дөңгелек үстел, домбыра, аяқ қап. Балалар бұлар ұлттық бұйымдар. Балалар осы ұлттық бұйымдарды немен әшекейлейді?	Балалар қуыршақтың келгеніне қуанады. Қонаққа баруға қызығушылық білдіреді. Оюмен әшекейлейді.
Іздену – ұйымдастырушы	Балалар оюды тағы неден көруге болады? Балалар қандай ұлттық киімдерді білесіңдер? Балалармен ұлттық киімдердің суреттерін қарау. Қазақша көйлек, сәукеле, қапет. Балалар қуыршақ бізден оған көйлек жасап беруді сұрайды. Балаларға жұлу әдісі арқылы көйлек жапсырудың тәсілін ал оның жеңін қарындаштың ұшталынған қалдығынан жасауды көрсетіп, түсіндіру. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып. Біз тынығып алайық.	Балаларға көйлектің суреттері салынған қағаз беріледі. Балалар өз қалаулары бойынша көйлектің түсін таңдап қағаздан жұлу әдісі арқылы жапсырып шығады. Жеңіндегі желбіршегін қарындашты ұштап, ұшталынған қалдығынан жасайды.
Рефлексивті коррекциялаушы	Балалар жасаған көйлектерін қуыршаққа сыйлайды. Балаларға қуыршақ көйлектердің ұнағанын айтады.	Балалар Қуыршақпен қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Ұлттық бұйымдардың атауларын, киімдердің атауларын ұғынады.

Түсінеді: Ұлттық бұйымдардың ерекшелігін.

Қолданады: жырту әдісін, қағазбен, қарындаш қалдығын контурға дұрыс орналастыруды

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Бөлімі: жапсыру

Тақырыбы: үй жануарлары (ит пен мысық)

Мақсаты: Үй жануарлары мен таныстырып, ерекшелігі жайлы білім беру. Ойыншықтар жасауды қағаздың желімнің көмегімен, бөлшектерін бір-бірімен біріктіруге үйрету.

Қажетті құралдар: түрлі түсті қағаз, желім, қайшы

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп- талаптану	<p>Тәрбиеші балаларға жұмбақ оқиды:</p> <p><i>От басында құмған, Екі көзін жұмған. (Мысық)</i></p> <p><i>Адамға серік, Күзетке берік (Ит)</i></p> <p>Бұлар қандай жануарларға жатады? Тағы қандай үй жануарларын білесіңдер? Олардың ерекшелігі жайында айтып өту. Бүгінгі сабақ үй жануарларына байланысты екенін айтып өтеді. Балалар ит пен мысықтың адамға қандай көмегі бар? Д.О: «Енелерін тап» ИКТ Power point Мақсаты: жануарлардың атауларын білуге төлдерін ажыратуға үйрету.</p>	<p>Балалар жұмбақты мұқият тындап, жауап береді.</p> <p>Балалардың жауабы. Үй жануарлары жайлы айтады.</p> <p>Балалар сызық арқылы байланыстырады.</p>
Ұйымдастырушылық ізденіс	<p>Тәрбиеші балаларға ойыншық ит пен мысықты жасайтындарын айтады.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Тікірейіп құлағы</p> <p>Менен бұрын тұрады.</p> <p>Бойын жазып, керіліп,</p> <p>Беті қолын жуады.</p> <p>Соңымнан бір қаламайды</p> <p>Көзін қысып алдайды.</p> <p>Ойнатсам да күнімен</p> <p>Ойыны бір қанбайды.</p> <p>Тәрбиеші жасау жолдарын көрсетеді, түсіндіреді.</p> <p>Ең алдымен ойыншықтың дене бөлігін қағаздан конус жасаймыз, алдын ала қиылған басын конусқа жапсырамыз.</p> <p>Қолдарын қағаздан қиып алып жапсырамыз. Қарындашпен ойыншықтың жүзін саламыз.</p>	<p>Балалар сергіту сәтін қайталайды.</p> <p>Балалар ойыншық жасауға кіреседі.</p> <p>Олардың сабаққа деген қызығушылығы арта түседі.</p>
Рефлексстік түзету	<p>Жануарларды ренжетуге болады ма? Олардың пайдасы бар ма?</p>	<p>Жоқ, ренжетуге болмайды.</p> <p>Әрине әр бір жануардың</p>

		пайдасы бар, оларды біз қорғауымыз керек. Бала тәрбиеші қойған сұраққа жауап береді.
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

ұғынады: Жануарларының атауларын, олардың бір-бірінен ерекшеліктерін, қасиеттерін.

Түсінеді: жануарлардың пайдасын.

Қолданады: қағаз бен желімді, әдіс тәсілдерді дұрыс қолданады..

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Бөлімдері: сурет

Тақырыбы: «Құмырадағы гүл»

Мақсаты : Дәстүрлі емес техникада, бастыру әдісі арқылы сурет салуға жаттықтыру. Түстерді тандай білуге үйрету. Саусақ маторикасын дамыту.

Қажетті құралдар: дөңгелетіп қиып алынған қағаз, кішкене дөңгелек болып қиылған қағаздар, қара түсті картон, гуашь бояуы, қылқалам.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Балаларға жұмбақ жасыру: Өзі сондай нәзік Су құйса кетеді Алақанын жазып. Ол не? Балалар гүл неше бөлктен тұрады?</p> <p>Ойын: «Гүлдің өсуіне не қажет?» <i>Балалар карточкаларды таңдап, схеманы айтады. Мысалы: күннің суреті (жарық, жылу), Суқұйғыштың суреті(су), топырақ салынған шелек (Топырақ, немесе жер</i></p>	<p>Тамыры, сабағы, жапырағы. Балалар карточкалардың ішінен гүлдің өсуіне қажет суреттерді таңдайды.</p>
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Балаларға құмырада гүлдің суретін салуды ұсыну. Балалар біз гүлдің суретін бастыру әдісі арқылы саламыз. Ол үшін бізге дөңгелетіп қиылған, және бірнеше ұсақ төртбұрышталып қиылған қағаз қажет. Осы ақ қағазға біз бояуды жиегіне дөңгелете жағып оны қара түсті картонға бастырамыз. Осылайша құмыраның суретін жасап шығарамыз. Ал кішкене дөңгелек қағаздардың көмегімен гүлдердің бейнесін жасаймыз. Дөңгелек қағаздың үстіне бояу жағып оны қара қағазға бастырамыз. қылқаламның көмегімен сабғын, жапырағын саламыз. Балалар ал енді аздап демалып алайық: «Мен өсімдікпін» психогимнастикасы өткізіледі. Көздеріңді жұмыңдар, отырыңдар. Өздеріңді жылы топыраққа отырғызылған кішкентай гүл деп елестетіңдер. Ол әлі әлсіз, қорғансыз, нәзік. Міне бір мейірімді адамның</p>	

	<p>қолдары оған су құйды, оның шаңын сүртті. <i>Өсімдік өседі.</i> <i>Балалар біртіндеп баяу өседі.</i> <i>Жапырақтар жарыққа көтеріледі.</i> <i>Қолдарын жоғары көтереді.</i> <i>Өсімдік өзін жақсы сезінеді.</i> <i>Қолдарын төмен түсіреді.</i> <i>Жаттығу баяу әуен ырғағымен жасалады.</i> Балалардың өзіндік жұмысы</p>	
Рефлексивті коррекциялаушы	Балалар жасаған жұмыстарын көрмеге қояды.	

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Өсімдіктің құрылымын.

Түсінеді: өсімдіктің өсуіне не қажет екенін түсінеді.

Қолданады: дөңгелекті бояп, бастыруды дұрыс қолданады.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Бөлімдері: «сурет»

Тақырыбы: «Ағаш»

Мақсаты: Балаларға ағаштың суретін желімнің көмегімен, талқан ұнтағымен салуға үйрету. Талқанды түрлі түске бояуға үйрету. Сурет салуға қызығушылығын арттыру.

Қажетті құралдар: желім, түрі түске боялған талқан, ақ қағазға бейнеленген боялмаған ағаштың суреті, қылқалам, сүлгі.

Тәсілдер-кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p><i>Столдың үстіне екі үй тұр бірінші үйдің жанында қоян ал екінші үйдің жанында аю тұр.</i></p> <p>Балалар бұл үйлерді қоян мен аюға жасап берген екен бірақ олар бұл үйлерде тұрғысы келмейді. Оларға біздің балабақшамыздың жанындағы ағаштар ұнайды. Балабақшаның жанында қандай ағаштар өседі? Балалармен ағаштардың суреттерін қарап атауларын атау.</p> <p>Қонжық пен аю да осындай ағаштар үйлерінің жанында өскенін қалайды. Балалар олар бізден көмек сұрайды.</p>	<p>Тәрбиеші балалардың назарын стол үстіндегі аю мен қоянға аударады.</p> <p>Терек, үйеңкі.</p> <p>Балалар ағаштың атауларын қайталайды.</p> <p>Балалар көмек беруге келіседі.</p>
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Ендеше біз сендермен оларға ағаш жасап берейік.</p> <p>Ойын: «Ағашқа бұтақ жаса»</p> <p>Қыстырғышпен ойын.</p> <p>Балалар сендер ағашты бұршақтан құрастыра аласыңдар ма?</p> <p>Қане енді бұршақтан ағаш құрастырып көрейік.</p> <p>Ойын: «Бұршақпен ағаштың бейнесін жасау.»</p> <p><i>Сергіту сәті:</i></p> <p><i>Тербеледі ағаштар</i></p> <p><i>Алдан жел еседі,</i></p> <p><i>Кіп кішкентай ағаштар,</i></p> <p><i>үлкен боп өседі.</i></p> <p>Балалар енді біз ағаштың суретін салайық. Ағаштың суретін ерекше</p>	<p>Балалар дайын ағаштың дініне қыстырғыштарды қыстырып, бұтақ жасайды.</p> <p>Балалар бұршақтардан ағаш құрайды.</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды.</p> <p>Балалар үлгілерді</p>

	<p>тәсілмен саламыз. Мынау ағаштың бейнесіне желім жағып, оның үстінен боялған талқанды себеміз, осылайша ағашты бояймыз. Дініне қоңыр түсті талқан себеміз, ал жапырақтарына жасыл түсті талқанды себеміз. Балаларға қауіпсіздік ережесін сайтып өту. Сурет салмас бұрын саусақтарға массаж жасапжаттықтырып алуды ұсыну.</p>	<p>қарайды.</p> <p>Балалар саусақтарын алақаннан бастап саусақтың ұшына қарай уқалайды.</p>
<p>Рефлексивті коррекциялаушы</p>	<p>Балалар біз сендермен ненің бейнеледік. Ағаштардың қандай түрлері бар? Аю мен қоянның енді кө ағаштары бар. Олар сендерге риза. Балаларға сыйлық береді.</p>	<p>Біз ағашты бейнеледік. . Ақ қайын, терек, үйеңкі, емен, шырша. Балалар аю мен қоянға көмек бергеніне қуанады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуге тиіс: ағаштың атауларын, қандай бөліктен тұратынын білуі тиіс.

Талапты болу: көмек беруге, ұқыпты жұмыс жасауға талапты болу.

Қолынан келуге тиіс: суретті дәстүрлі емес техникамен салу қолынан келуі тиіс.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»,

Тақырыбы: «Кірпі» /сюжеттік мүсіндеу/

Мақсаты: Балаларға салыстыру амалын меңгерте отырып мүсіндеуге, пропорцияларын дұрыс келтіруге үйрету.

Қажетті құралдар: Кірпінің суреттері, қыстырғыштар, тұздалған қамырғ сіріңке, шемішке, макарон, сүлгі, тақтайшалар.

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	<p>Балаларға жұмбақ жасыру: <i>Жұп – жұмыр түрі бар</i> <i>Инеден тоны бар.</i> <i>Түйреген түрпі</i> <i>Бұл не? (Кірпі)</i></p> <p>Тақтада сурет ілінеді. Қараңдаршы мына суретке, нені көріп тұрсыңдар? Ол қай жерде өмір сүреді? Ол қандай? Жұмсақ па әлде қатты ма? Үстінде несі бар? Ол кішкентай ма? Үлкен бе? Кірпі туралы ойларын одан әрі сұраққа-жауап алу арқылы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Балалар жұмбақтың жауабын шешеді.</p> <p>Назарларын аударады.</p> <p>Орманда өмір сүреді.</p> <p>Қатты инесі бар. Кішкентай.</p>
Іздену-ұйымдастырушы	<p>Кірпі туралы тақпақ білесіңдер ме?</p> <p>Сендер кірпі туралы тақпақты өте жақсы біледі екенсіңдер.</p> <p>Өте жақсы! Жарайсыңдар!</p> <p>Ойын: «Кірпінің тікенектерін жаса» Қыстырғыштармен ойын</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Саусақ жаттығуы «Бес саусақ» Бас бармағым бауға барды, Сұқ. Саусағым суға барды, Ортан қрлым орақ орып, Аты жоғым ағаш жарды. Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ балапанын. (Саусақтарды кезекпен бүгіп, қайта ашу.)</p>	<p>Кірпі, кірпі, кірпі Үстің толған ине, Біреуін берсем, Шіркін тағар едім түйме.</p> <p>Мәз болады. Қуанады. Қайталап айтып, есте сақтайды.</p> <p>Балалар қыстырғыштарды алып қроннан қиылған кірпілерге тікен тон кигізеді. Ал, балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қаарй бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық.</p>

	<p>Қазір кірпіні мүсіндейміз.</p> <p>Мүсіндеуге арналған құрал-жабдықтармен таныстырылады. Иленген тұзды қамыр. Қарапайым заттардың пішінін жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету.</p> <p>Балаларға кірпінің мүсіндеу ретін көрсету. Тұздалған қамырды алақан арасына салып домалатып шар жасау, дөгелектен созып кірпінің басын жасау мұрнын жасау. Кірпінң тікенектерін өз қалаулары бойынша сіріңкенің таяқшаларынан немесе шемішкеден, макароннан жасайды. Кірпі бойын жиырып жинап қалғанда, домалақ шар тәрізді болатынын суреттен көрсету. Қауіпсіздік ережесін сұрау.</p>	<p>Мұқият тыңдайды.</p> <p>Қызыға қарайды.</p> <p>Жұмыс істеу қауіпсіздігін айтады. Тұздалған қамырды ауызға салмау, қамыр ұстаған қолымен көздерін укаламау.</p> <p>Өздігінен кірпіні мүсіндейді. Қимыл-іс әрекеттерімен өз беттерінше ойнайды.</p>
Рефлексивті коррекциялаушы	Сұрақтар қою.Балаларды мадақтау. Көрме ұйымдастыруға баулу.	Толық жауап береді. Көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: кірпінің түр түсін, ерекшелігін ұғынады.

Түсінеді: қарапайым заттың бейнесін жасаудың әдіс-тәсілдерін түсінеді.

Қолданады: домалақтау, есу, созу, ұшын шығару әдістерін қолданады.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Бөлімі: сурет

Тақырыбы: «Қысқы ертегі»

Мақсаты : Дәстүрлі емес техникада орман бейнесін бейнелеуге үйрету.

Шығармашылығын дамыту. Саусақ маторикасын дамыту.

Қажетті құралдар: бояулар, көк қағаз, жөкеден жасалған, бастырмалар. қылқалам.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Балаларға Чайковскийдің қыс мезгілі әуенін қосып тыңдату.</p> <p>Балалар тыңдағандаршы мунау әуен сендерге қай жыл мезгілін еске салады?</p> <p>Балалар қыс мезгілі қандай?</p> <p>Осы кезде біреудің күлген даусы естіледі.</p> <p>Балалар бұл кімнің күлкісі екенін білу үшін жұмбақтың шешуін табындар:</p> <p><i>Бұл не деген қызық адам</i></p> <p><i>Өзі қардан жасалған.</i></p> <p><i>Мұрны сәбіз.</i></p> <p><i>Басында шелек</i></p> <p><i>Қорқады ол жылыдан?</i></p> <p style="text-align: right;">(аққала)</p> <p>Қораптан аққаланы алып шығамын.</p>	Балалар сұраққа жауап береді қыс мезгілінің белгілерін айтады.
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Балалар аққала неге жылудан қорқады? Неге аққаланы қыста ғана мүсіндейміз? Бұл аққаланы балалар жасапты. Аққала сендердің қысқы суреттерді қалай бейнелейтіндерінді көргісі келеді.</p> <p>Балалар мен аққалаға қысқы орман суретін дайындап қойған едім қазір сол суретті көрсетейік.</p> <p>Осы кезде ұйытқыған желдің әуені естіледі. Тәрбиеші суретті аққалаға бұрады бірақ мольберттегі қағаз таза болады.</p> <p>Балалар бұл ұйтқыған жел қай ертегі кейіпкерін сендерге еске түсіреді.</p> <p>Балалар мыстан кемпір суретті алып кеткен болу керек. Бірақ біз тағы да орманның суретін бейнелей аламыз ғой.</p> <p>Қысқы орманның бейнесін аққалаға слайдтардағы суреттер арқылы көрсетейік.</p>	Балалар сұрақтарға жауап береді. <p style="text-align: right;">Балалардың жауабы</p>

	<p>Д.О: «Қысқы пейзажға қажетті суретерді таңдап ал» ИКТ Power point Мақсаты: пейзаж құрай білуге, қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстарын түсіне білуге тәрбиелеу. Балалар ал енді біз орманның бейнесін бастырмалардың көмегімен бейнелейік. Жөкенің көмегімен көк қағазға ағаштарды бейнелейміз. Жөкеге қоңыр бояу жағып, картоннан қиылған ағаш бейнесін жөкеге бастырамыз боялған ағашты қағазға бастырамыз. Қылқаламмен қардың суретін саламыз. Сергіту сәті: Аппақ ақ қар жауды да Қыс ызғарын сыйлады. Мен де кидім басыма, Жылы тон мен пимамды. Құлақшыным басымда, Қолда жылы қолғабым. Аттанамын бақшаға Енді несін қорқамын.</p> <p>Балардың өзіндік жұмыс. Үлгіралмай жатқан балаға көмек беру.</p>	<p>Балалар мәтінге сәкес қимылдар жасайды.</p>
<p>Рефлексивті коррекциялаушы</p>	<p>Балалар біз сендермен нені бейнеледік? Орман аққалаға жайлы болады ғой деп ойлаймын. Сендердің суреттерің аққалаға ұнады.</p>	<p>Баллар суреттерін стендке орналастырады.</p>

Күтілетін нәтиже:

ұғынады: Қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстарын.

Түсінеді қыс мезгілінің пейзажын құруды түсінеді.

Қолданады: бастыру тәсілі арқылы сурет салуды.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық».

Бөлімдері: сурет салу

Тақырыбы: «Түлкі және ұлпа қарлар»

Мақсаты: Дәстүрлі мес техника арқылы сурет салуға үйрету. Тұзбен сурет салуға қызығушылығын арттыру.

Көрнекі құрал: түлкінің суреті бейнеленген сурет, балауыз қарындаштар, тұз, акварель бояуы, қылқалам, су құйылған құты.

Тәсілдер-кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ жасыру: Өзі бір қу жүрген жері айқай шу Ол не? /Түлкі/ Балалар түлкі қандай аң? Ол қайда өмір сүреді? Д.О: «Суретшінің қателігін дұрыста» Мақсаты: зейінін дамыту. Балаларға түлкінің суретін салуды ұсыну.	Балалар жұмбақтың жауабын табады. Түлкі орманда өмір сүреді. Балалар аңдарға өз дене мүшелерін табуға көмектеседі.
Іздену – ұйымдастырушы	Балаларға түлкінің суреті салынған қағаздар беріледі. Ең алдымен түлкіні балауыз қарындашпен бояп аламыз. Қағаздың жоғарғы жағына балауыз қарындашпен жауып жатқан ұлпа қарлардың суретін саламыз. Қағазды қылқаламмен сулап аламыз дымқыл қағазға бояу жағамыз. Жоғарғы жаққа аспан саламыз, көгілдір түспен, төменгі жаққа жердің суретін саламыз. Сулы қағазда балауызбен салынған ұлпа қарлардың суреті ағарып көрінеді. Соңында суреттің жоғарғы жағына тұз себіледі. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып. Біз тынығып алайық.	Балалар тапсырманы үлгі бойынша орындайды. Ұлпа қарларды ақ түспен саламыз.
Рефлексивті коррекциялаушы	Балалардың суретін көрмеге орналастыру. Жұмыстарын мақтау, мадақтау.	Балалар бір-бірінің жұмыстарын қарайды бағалайды.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: түлкінің тіршілігі жайында білуі тиіс.

Түсінеді: үлгіге қарап сурет салуды түсінеді.

Қолданады: құралдарды дұрыс қолданады.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Бөлімі: сурет

Тақырыбы: «Аққала жапсыру»

Мақсаты : Жарма ұнтағы арқылы сурет салуға үйрету, шығармашылығын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: жарма, желім, қайшы, түсті қағаз.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Балаларға жұмбақ жасыру:</p> <p><i>Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезеңді торлайды, Қарға омбығып, беті домбығып, Сырғанап балалар ойнайды. Кейде ұлып, кейде жұлып, Ұйтқып боран соғады, Айтыңдаршы бөбектерім бұл қай кезде болады. /қыста/</i></p> <p>Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Қыс мезгілінің белгілерін атауды ұсыну.</p>	
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Балалар қыс мезгілінде қандай ойындар ойнағанды ұнатасындар? Д.О: «Мұз пішіндерді орындарына қой»</p> <p>Саусақ жаттығуы: Аққала. 1,2,3.4,5 / Саусақтарын ретімен бүгеді/. Біз аққала жасадық / Алақандарымен қарды қалай дөңселететіндерін көрсетеді/. Бір – лақтырамыз, / лақтырады/. Екі – қағып аламыз, / отырып қағып алады/. Үш – құлатып алдық / Құлатады/. Осылай сындырып алдық. /Аяқтарымен тарсылдатады/.</p>	Балалар пішіндердің орындарын тауып өз орындарына орналастырады.

	<p>Балаларға аққаланы қалай мүсіндегендерін естеріне түсіру. Балаларға аққаланың бейнесін жапсыруды ұсыну. Балалар берілген түсті қағаздан үйлердің, ағаштың пішінін қиып алып жапсырады, аққаланың суретін дөңгелектерді бастыру арқылы салады. Ұсақ бөлшектерін жапсырады. Аққалаға контуры бойынша желім жағып желімнің үстіне жарма себеді. Үйлердің шатырындағы қарды жарманың көмегімен бейнелейді. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық. Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып. Біз тынығып алайық. Балалардың өзіндік жұмысы.</p>	
Рефлексивті коррекциялаушы	Жұмыстарын көрмеге ұйымдастыру.	

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: қыс мезгілінің белгілерін.

Түсінеді: композиция құруды, үлгі бойынша жапсыруды.

Қолданады: дәстүрден тыс әдісті қолданады .

Білім беру аймағы: «Қатынас», «Шығармашылық»

Бөлімдері: мүсіндеу

Тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат»

Мақсаты : мүсіндеу нышандарын дамыту, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндеуге үйрету.

Саусақ маторикасын дамыту, ертегіні әңгімелету арқылы, сөздік қорын , шығармашылық қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: жылтыр қағазбен қапталған кітап, ертегі бойынша иллюстрациялар, фланелеграфқа ілетін бауырсақ ертегісінің суреттері, тұздалған қамыр, тақтайшалар, сүлгі.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Балалар бізге сиқыршы кітабын беріп жіберіпті. Осы кітап арқылы біз сендермен ертегілер еліне саяхат жасаймыз.</p> <p>Мен сендерге ертегілерден үзінді оқимын ал сендер бұл қай ертегі екенін тауып алыңдар.</p> <p>Анасы қызына қызыл телпек әперіпті, ол сол телпекті ылғида басынан тастамай киіп жүріпті сондықтан да оны бәрі... кім деп атапты?</p> <p>Ата тартады-тартады тарта алмайды, көмекке әжесін шақырады, әжесі көмекке немересін шақырады... ол қандай ертегі?</p> <p>Лақтарым-шырақтарым есікті ашып қарандар, келіп тұрған аналарың.... Бұл қандай ертегі? Д/о: «Ертегі киіпкерлерінің өз заттарын табуға көмектес» Мақсаты: ертегілер бойынша білімдерін бекіту.</p>	<p>Қызыл телпек деп атапты.</p> <p>«Шалқан» ертегісі.</p> <p>«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі</p> <p>Балалар ертегі кейіпкерлерінің өздеріне тиісті заттарын табады.</p>
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Балалар, бұл кітаптың ішінде тағы бір ертегі бар екен, мен осы ертегі кейіпкері туралы жұмбақ жасырайын, сендер шешуін тауып алыңдар: Атадан да кетті, әжеден де кетті, қаймаққа былғанған, майға қуырылған, сары домалақ ол не?</p> <p>Балалар бұл ертегі сендерге таныс. Фланелеграф арқылы бауырсақ ертегісін әңгімелеп беру.</p> <p>Бауырсақ кімдерден кетті? Бауырсақ орманға домалап кеткенде алдынан қандай аңдар кездесті? Ал енді мен сиқырлы кітапты жабайын біз сендермен саяхатымызды аяқтайық. Біз сендермен жаңа ған қандай ертегі туралы әңгіме жүргіздік?</p> <p>Балаларға ертегінің негізгі кейіпкерлері бауырсақ пен түлкіні мүсіндеуді ұсыну.</p>	<p>Бауырсақ</p> <p>Ата мен әжеден кетті. Қоян, қасқыр, аю, түлкі.</p> <p>Бауырсақ ертегісі туралы әңгімелестік.</p>

	<p>Мүсіндеудің әдіс тәсілдерін түсіндіру. Бауырсақты домалату арқылы жасаймыз. Көзін, аузын мұрынын дөгелек қылып жасаймыз. Түлкінің денесін сопақша басын дөңгелек, қолдарын, құйрығын, аяқтарын сопақша жасап, денесіне біріктіреміз, басын дөңгелек қыламыз, денесіне қосамыз. Бөліктерді бірбіріне біріктіру үшін саусағымызды суға салып ,бөліктерді саусақпен сулап,бір-біріне жапсыру. Тұзды қамырмен мүсіндеуде қауіпсіздік ережесін еске түсіру. Қолда жарақат болса тұзды қамырды жарақатқа тигізбеу. Тұзды қамыр ұстаған қолымен көздерін уқаламау. Жұмыс барысында, көмекті қажет еткен балаларға көмек беру.</p>	<p>Балалар үлгілерді қарайды. Көрсетілген әдіс-тәсілдер арқылы мүсіндейді. Балалардың өзіндік жұмысы.</p>
<p>Рефлексивті коррекциялаушы</p>	<p>Балалар біз сендермен қайда саяхат жасадық? Қандай ертегі кейіпкерлерін мүсіндедік?</p> <p>Балаларға өз өздерін бағалауды ұсыну Көрме ұйымдастыру.</p>	<p>Ертегілер еліне саяхат жасадық. Бауырсақ пен түлкіні мүсіндедік. Балалар барлық жұмыстардың ішінен кімнің жұмысы ұнағанын айтады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: ертегіні әңгімелеуді.

Түсінеді: ертегі мазмұнын.

Қолданады: көрсетілген әдіс тәсілдерді.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Бөлімдері: сурет

Тақырыбы: «Ертегідегі ғажайып құс»

Мақсаты : Дәстүрлі емес техникада , таяқша арқылы сурет салуға үйрету.

Құстың суретін салу әдісін үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: гуашь бояулары, ақ қағаз, балмұздақ таяқшалары, қарындаш, сүлгі.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Балаларға жұмбақ жасыру:</p> <p><i>Ала шапан кигені, Сескенгіш болған соң. Қыпылықтап жүргені. (Сауысқан)</i></p> <p><i>Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға)</i></p> <p><i>Қызыл бұжыр айдары бар, Қоқиланған айбары бар. Ауық-ауық азан салып, Өңеш керген айқайы бар. (Қораз)</i></p> <p>Балалар дұрыс айтасындар бұлардың бәрін бір сөзбен нелер деп атаймыз? Құстардың бәрінің қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар?</p>	<p>Құстар деп атаймыз. Құстардың бәрінің қанаттары, тұмсықтары, қауырсындары бар. Айырмашылықтары қауырсындарының, тұмсықтарының алуан түрлілігі.</p>
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Балалар біз бүгін ғажайып құстың суретін саламыз. Балалар құстың суретін ерекше әдіспен балмұздақтың таяқшасының көмегімен саламыз. Балалар ең алдымен құстың суретін қағазға қарындашпен салып аламыз, басын, денесін, құйрығын бейнелейміз. Содан соң суретке таяқшаның көмегімен бояу жағамыз. Таяқшаны үш саусағымызбен ұстаймыз, бояуға батырып, бояуды суретке жағаыз. Егер баса түс керек болса таяқшаны сулы сүлгімен</p>	

	<p>сүртіп алмыз. Алдымен сурет салуды бастамас бұрын Жаттығу жасап алайық. Сергіту сәті: <i>Аққу болып ұшамыз</i> <i>Көлге келіп қонамыз</i> <i>Көлдің бетін құшамыз</i> <i>Қайта самғап ұшамыз.</i> Д.о: «Құстардың ұяларын тап»</p>	<p>Балалар суретте берілген құстар мен ұяларын байланыстырады.</p>
<p>Рефлексивті коррекциялаушы</p>	<p>Балалар біз сендермен қандай құсты салдық? Оны ненің көмегімен бейнеледік.</p>	<p>Ғажайып құстың суретін бейнеледік. Балмұздақ таяқшасының көмегімен бейнеледік.</p>

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: құстардың ерекшеліктерін атауларын .

Түсінеді: суретте ұсақ бөлшектерді бейнелеу тәсілін.

Қолданады: таяқшаның көмегімен сурет салуды.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Бөлімі: сурет

Тақырыбы: «Құстарға арналған печенье»

Мақсаты : Балаларды түрлі әдістер арқылы мүсіндеуге үйретуді жалғастыру.

Саусақ маторикасын, шығармашылығын дамыту.

Қажетті құралдар: кептірілген нан, печенье кесектері, дәндер, шемішке, таяқшалар, формалар.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Үстелдің үстінде салфеткалар, балалардың саны бойынша ыдыстар, Тас табақтың үстінде кара нан , су құйылған ыдыс. Тәрелкеде печеньеің кесектері, әр түрлі дәндер, шемішке, кепкен жейдектер.</p> <p>Топқа ойыншық торғай келеді.</p> <p>Балалар қараңдаршы бізге не ұшып келді? Дұрыс айтасындар бірқ ол неге мұнайып тұр екен, әлсіз, тіпті дыбысын да шығармайды.</p> <p>Балалар оны жылтып, тамақтандырайық, көңілдендірейік.</p> <p>Біз оны немен тамақтандырамыз?</p> <p>Балалар ең алдымен оған тақпақ айтып беріп оны көңілдендірейік.</p>	<p>Торғай ұшып келді.</p> <p>Себебі далада суық, оның жейтін тамағы жоқ. Ол тоңып қалды. Шемішкемен, дәндермен, жидектермен.</p> <p>Балалар қыс туралы тақпақ айтады.</p>
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Балалар торғай бәрібір көңілсіз неге көңілсіз екенін сұрайық?</p> <p>Торғай өзінің достарына алаңдап тұрғанын айтады.</p> <p>Өзінің тамақтанғанымен далада достары азық іздеп жүргенін айтады.</p> <p>Балалар сендер құстарға көмектескілерін келе ме? Ендеше столға жақындайық</p> <p>Мфынау столдың үстінде кепкен нан бар осы нанға су құйып оны жібітіп уқалап, қамырға айналдырамыз, осы қамырға қалған печенье қалдықтарын, шемішке дәндерін қосып печенье жасаймыз.</p> <p>Міне қамыр дайын болды.</p>	

	<p>Ең алдымен қамырды алып оны дөңгелетеміз. Оны алақанға салып жалпақтап басамыз, енді оны тақтайға қойып, ысамыз осы ысылған нанан формалардың көмегімен печенье жасап шығарамыз.</p> <p>Балалар бірақ бұл печеньеелерді құстарға қалай береміз? Олар адамнан қорқады ғой. Осы печеньеені тесіп жіп өткізіп осы жіптен ағашқа іліп қоюға болады. Бірақ печеньеені бірден іле алмаймыз, себебі ол әлі жұмсақ. Оны ең алдымен пісіру керек. Бірақ біз бұл печеньеені пісірмейміз, біз оны тоңазытқышқа салып кептіреміз.</p> <p>Балалардың өзіндік жұмысы.</p>	
<p>Рефлексивті коррекциялаушы</p>	<p>Балалар біз сендермен бүгін не жасадық? Оны неден жасадық? Балалар ертең печенье кепкен соң оны ағашқа ілеміз. Ал сен торғай осыны достарыңа айтып бар.</p>	<p>Печенье жасадық. Печеньеені қамырдан жасадық.</p>

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: құстардың қысқы тіршілігін.

Түсінеді: қамырдан пішіндер жасауды.

Қолданады: бастыру тәсілін, берілген әдіс тәсілдерді.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Тақырыбы: «Ормандағы қояндар»

Мақсаты : Қолымен газетті умаждап дөңгелетуге, дөңгелектерден қоянның денесін жасауға үйрету. Саусақ маторикасын дамыту.

Қажетті құралдар: түсті картон, түсті сүлгілер, фломастерлер, газет, қайшы, желім, қылқалам.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ жасыру: Жазда сұр Қыста ақ Өзі қорқақ Ол не? /Қоян/ Балалар қоянды неге жазда сұр ал қыста ақ дейді? Балалар қоян қандай аңдардан қорқады? Ол немен қоректенеді?	Қоян тоңын өзгертіп отырады. Түлкі, қасқыр. Ормандағы ағаштың қабықтарымен, шөппен қоректенеді.
Іздену – ұйымдастырушы	Балалар қысқы пейзажда не бейнеленген? Ең алдымен көк түсті қағазға қысқы пейзаждың бейнесін жапсырамыз. Ол үшін ағаштың бейнесін шыршаны түсті қағаздан бастырып, қиып аламыз. Қиылған ағаштарды көк түсті фонға жапсырамыз. Мақтаның көмегімен қар жасаймыз. Газетті умаждап оны ақ салфеткамен жабамыз бұл қоянның денесі. Ақ қағаздан қоянның құлағын, құйрығын дайын пішіндерді бастырып, қиып аламыз. Денесіне басын, құйрығын, аяқтарын жапсырамыз, фломастердің көмегімен көзін, аузын, мұрнын бейнелейміз. <i>Сергіту сәті:</i> <i>Ұзын құлақ сұр қоян,</i> <i>Естіп қалып сыбырды.</i> <i>Ойлы қырлы жерлермен,</i> <i>Ытқып-ытқып жүгірді.</i> <i>Қарап еді артына</i>	Ормандағы ағаштар, қар.

	<i>Қиығын салып көзінің.</i> <i>Кележатқан томпаңдап,</i> <i>Көжесі екен өзінің.</i> Балалр жұмысты үлгіге қарап жасайды.	
Рефлексивті коррекциялаушы	Жұмыстарды көрме орналастыру.	

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Қоянның бейнесін жасауды.

Түсінеді: қоянның қысқы тіршілігі жайында.

Қолданады: умаждау, кию тәсілдерін қолданады.

Білім беру аймағы: «Қатынас», «Шығармашылық», «таным»

Тақырыбы: Тақырыбы: «Тасбақа» (Мүсіндеу)

Мақсаты : Тасбақаны бөліктерден (басы, денесі, аяқтары, құйрығын) мүсіндеуге үйрету . домалату, есу, басып –жаншу, тегістеу, бөліктерді қосу әдістеріне жаттықтыру, берілген обрызды анық, келістіріп мүсіндеуге үйрету.

Қажетті құралдар: Ойыншық тасбақа, тұздалған қамыр.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Тәрбиеші топқа ойыншық тасбақаны әкеледі. Балалар менің қолымда қандай ойыншықты көріп тұрсыңдар? Балалар кішкентай топтың балаларына тәрбиешілері сыйлыққа ойыншық тасбақаларды әкеліпті, бірақ ойыншық кейбір балаларға жетпей қалыпты. Балалар олар бізден көмек сұрайды. Бізден ойыншық тасбақа жасап беруді сұрайды. Көмектесеміз бе?	Балалар ойыншықты қарайды, көмек беруге келіседі.
Іздену – ұйымдастырушы	Балалар тасбақаға қараңдаршы оның қандай дене мүшелері бар? Балалар тасбақаның арқасында сүйек сауыты болады. Сүйек сауыты тасбақаны жауларынан қорғайды. Қауіпті жағдай болғанда тасбақа басын, аяғын сүйек сауытына жасыра қояды. Тасбақа қалай жүреді.? Тасбақа шөптің арасында өмір сүреді. Ол шөппен қоректенеді. Тасбақа қыста тамақ жемейді. Ол қыста ұйықтайды. Тасбақа екі түрлі болады жерде өмір сүретін және суда өмір сүретін түрі болады. <i>Сергіту сәті:</i> <i>Орнымыздан тұрайық,</i> <i>Алақанды ұрайық.</i> <i>Бір отырып, бір тұрып,</i> <i>Біз тынығып алайық.</i> Ойын: «суретті құрастыр» тасбақаның суретін құрастыру. Мақсаты: бөліктерден тұтас құрастыру. Саусақ жаттығуы: «Саусақтарды ата» Оң қолда бар бес саусақ	Басы, аузы, көзі денесі, аяқтары, құйрығы. Тасбақа баяу жүреді. Балалар бөліктерді құрастырады.

	<p>Сол қолда бар бес саусақ /Алақандарын ашып саусақтарын көрсетеді/ Оларды атап шақырар Әр қайсысының аты бар. Мынау- бас бармақ, Мынау- балан үйрек, Мынау-ортан терек, Мынау – шүлдір шүмек, Мынау-кішкене бөбек. /Балалар саусақтарын кезекпен бүгеді/ Балаларға тасбақаны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін түсіндіру, көрсету. Тұздалған қамырды үш бөлікке бір үлкенірек, екі кішірек. Үлкен бөліктен денесін жасау, домалатып, басу. Қалған екі бөліктен басын , аяқтарын жасау.</p>	Балалардың өзіндік жұмысы.
Рефлексивті коррекциялаушы	<p>Балалар біз бүгін сендермен не жасадық? Тасбақаның қандай дене мүшелері бар? Балаларға осы жасаған ойыншықтарын көрмеге қоюды содан соң осы көрмеден кіші топтың балаларына сыйға тартылатынын айту. Балаларды мақтау, мадақтау.</p>	Тасбақа жасадық Басы, көзі, аузы, денесі, аяқтары, құйрығы.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Тасбақаның құрылысын білу.

Түсінеді: тасбақаның тіршілік ету ортасы жайында, немен қоректенетіні жайында түсінігі болуы тиіс.

Қолданады: ермек сазды қажетті пропорцияда бөлуді, бөліктерді біріктіруді қолданады.

Білім беру аймағы: «Қатынас», «Шығармашылық»,

Тақырыбы: «Теңіз тіршілігі»

Мақсаты : Теңіз тіршілігімен таныстыру, алақанмен, қолымен сурет салу арқылы саусақ маторикасын дамыту.

Қажетті құралдар: теңіз мекендеушілерінің суреттері, ақ қағаздар, гуашь, сүлгілер.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Баллар біз сендермен бүгін теңіз түбіне саяхат жасаймыз. Ол үшін сендер алдарында жатқан ақ қағаздарды көк түке бояу керексіңдер. Балалар қараңдаршы міне біз сендермен теңіздің суретін сладық, бірақ теңіз көңілсіз сияқты қалай ойлайсыңдар несебепті теңіз көңілсіз?	Балалар қызығушылық білдіреді. Көк түсті гуашьпен қағаздарды бояйды. Өйткені теңізге мекендеушілері достары жетпейді.
Іздену – ұйымдастырушы	Теңізде нелер мекендейтінін білу үшін, біз жұмбақтарды шешуіміз керек? <i>Қанаты бар ұшпайды, Су астында қыстайды.</i> <i>/Балық/</i> <i>Өзі алып кемедей, Дауылдан қорықпайды.</i> <i>Су шашып, Телегей</i> <i>Мұхиттан шықпайды.</i> <i>(Кит)</i> <i>Менімен таныс емесің, Теңіз бүбі қонысым.</i> <i>Аяғым сегіз ,басым бар, Айтшы қане кіммін мен ? (сегізаяқ!</i> Балалар теңіздің тағы қандай мекендеушілерін білесіңдер? Балалармен теңіздің мекендеушілерінің суреттерін қарау. Қ.о: «Теңіз толқындары» <i>Теңіз толқиды бір, Теңіз толқыйды екі, Теңіз толқиды үш. Теңіз толқыны тыныш.</i>	Балалар жұмбақтарды шешеді. Дельфин, акула, жылқыбалық. Балалар суреттерді қарайды. Балалар айналады. Балалар теңіз толқынының қимылын келтіреді.

	<p>Саусақ жаттығуы: «Балықтар» Балықтар көңілді ойнайды, Теңіз түбін торлайды. Серпіледі, жазылады, Тоңса құмға тығылады.</p> <p>Балаларға сегізаяқтың суретін салуды ұсыну. Алақан, саусақтың көмегімен, бастыру арқылы сурет салу әдісін көрсету, түсіндіру. Ұқыпты жұмыс жасауды ескерту. Сурет салу үлгілерін көрсету. Сурет салу барысында аудиожазба қолдану. Теңіздің толқындарының дыбысын қосу.</p>	<p>Балалар бір орында тынышталып бір қалыпта тұрып қалуы керек. Қимылдап қозғалып қойған бала ойыннан шығады. <i>Балалар мәтінге келістіре, қолымен, саусақтарымен әр түрлі қимылдар жасайды.</i></p> <p>Балалар үлгілерді қарайды. Алақанды саусақтарын өздері ұнатқан түспен, гуашь бояуымен бояйды, саусақтарының арасын ашып қолдарын қағазға бастырады. Сұқ саусағының ұшымен көзін салады.</p>
	Балалар не пайда болды?	Сегізаяқ.
Рефлексивті коррекциялаушы	<p>Іс – екетке талдау жасау. Міне балалар енді біздің теңізіміз көңілдірек болды. Себебі онда мекендеушілер – сегізаяқтар пайда болды.</p>	<p>Балалар жұмыстарын қарайды. Біздің жұмыстар бұрышына іледі.</p>

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: теңіз мекендеушілерінің атауларын, түр түсін.

Түсінеді: боялармен жұмыс жасау әдісін.

Қолданады: дәстүрлі емес әдіспен сурет салуды.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Тақырыбы: «Гном»

Мақсаты : Мақтамен жұмыс жасауға үйрету. Алақан арасына салып мақтаны домалату арқылы пішіндер жасауға үйрету. Саусақ маторикасын дамыту.

Қажетті құралдар: мақта, желім, картон, ергежейлінің ұсақ бөлшектерінің үлгісі. Қарындаш, қайшы.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалармен ертегілерге қатысты иллюстрацияларды қарау. <i>ДО: «Қандай ертегі»</i> Балалар ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілердің атауларын атайды. «Қаршақыз бен жеті құртақандар» ертегісіне қатысты иллюстрацияларды қарап. Ертегіні қысқаша еске түсіреді.	Балалар ертегі кейіпкерлерін, ертегі атауларын атайды. Қаршақыз бен құртақандар ертегісін әңгімелейді.
Іздену – ұйымдастырушы	Балаларға «Қаршақыз бен құртақандар» ертегісіндегі құртақандарды жасауды ұсыну. Балалар ең алдымен құртақанның контуры бойынша үлгіден қарындашпен денесін бастырып алмыз. Құртақандардың бас киімін, қолғабын, аяқ киімін, бетін қиып аламыз. Денесін мақтадан жасаймыз. Ол үшін ең алдымен мақтаны алақан арасына салып домалатамыз, ұсақ дөңгелектер жасаймыз. Дөңгелектер бұл құртақанның денесі. Денесіне қолын, басқада қиып алынған бөліктерін жапсырамыз. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық. Алақанды ұрайық Оңға қарай иіліп Солға қарай иіліп Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық Белімізді жазайық. Оңға-оңға түзу тұр Солға-солға түзу тұр Жоғары-төмен қарайық Қолымызды созайық Бойымызға күш жинап Бір шынығып алайық.	Балалардың өзіндік жұмысы.
Рефлексивті коррекциялаушы	Балалар біз бүгін қандай ертегі кейіпкерінің бейнесін жапсырдық? Балалардың жұмыстарын көрмеге ілу.	

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: ертегі мазмұнын.

Түсінеді: бейнені ұсақ бөлшектермен толықтыруды.

Қолданады мақтадан дәстүрлі емес техникада жапсыруды .

Білім беру аймағы: «Шығармашылық»

Тақырыбы: «Қар ханшайымның патшалығы»

Мақсаты: Ғажайып патшалықты бейнелей білуге үйрету. Биік, аласа мұнараларды бейнелеуге, бояуға үйрету. Шығармашылық қиялын дамыту.

Қажетті құралдар: гуашь бояулары, жылтыр гель, қағаздан қиылған пішіндер.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалар мен сендердің ғажайып ертегілерді ұнататындарыңды білемін. Сондықтан біз бүгін ертегіге саяхатқа барамыз. Біз Кай деген баланы құтқару керекпіз. Сендерге бұл есім таныс па? Ол балаға не болды, кім біледі?	Оны Қар ханшайым алып кетті. Оны Герда деген қыз құтқаруға шығады.
Іздену – ұйымдастырушы	Балалар біз де ендеше оған көмектесейік. Саяхатқа шығайық. Тақтада Ханшайым мен ханзаданың патшалығы пайда болады. Патшалықтың алдында су гүлдер өсіп тұр. Балалар бұл қар ханшайымның патшалығы ма? Бұл жерде Кай бар ма? Ендеше саяхатымызды жалғастырайық: Тақтада шығыс сұлтаннының патшалығы пайда болады. Балалар бұл кімнің патшалығы деп ойлайсыңдар. Мұнда Кай болуы мүмкін бе? Ендеше ары қарай саяхатымызды жалғастырайық. Тақтада кара зұлым сиқыршының патшалығы пайда болады? Балалар мынау патшалықта Кай болуы мүмкін бе? Тақтада аппақ қарға оранған патшалық пайда болады? Ұйтқыған желдің дыбысы естіледі. Балалар мынау кімнің патшалығы деп ойлайсыңдар? Балалар бұл патшалықта Қар ханшайым тұрады екен. Балаларға ертегіден патшалықты сипаттайтын үзіндіні айтып беру. Балалр патшалықтың ішіне қарап көрейік. Тақтада ертегінің эпизоды пайда болады. Қар ханшайым өзінің тағында отырады, ал жанында ұл бала оның бұйрығы бойынша мұздардан пішіндер құрастыралмай отыр. Балалар Кай тоңып қалыпты енді кішкене ден	Балалар жоқ. Бұл Ханзада мен ханшайымның патшалығы. Балалар жоқ. Жоқ бұл сиқыршының патшалығы. Қар ханшайымның патшалығы. Себебі ол қардан мұздан жасалған.

	<p>соң оның жүрегі мұзға айналып кетуі мүмкін оған мұздардан пішіндер құрастыруға көмектесейік.</p> <p>Д.О: «Құрастыру» Үш бұрышты, төрт бұрышты пішіндерден патшалық құрау.</p> <p>Балалар Қар ханшайым неге қатал әрі суық? Балалар Қар ханшайымды көңілдендірейік мүмкін ол Кайды босататын болар. Ол үшін Қар ханшайымның патшалығының суретін салып берейік. Алдымен суретті жақсылап қарап алайық.</p> <p>Ең алдымен ақ және көк түсті бояуды жағамыз. Бояуды жоғары қарай жағамыз, төртбұрышты пішінін жасаймыз, шатыры, үшбұрышты пішінді болады. Терезелерін, есігін жасаймыз. Балалар үлгіге қарап сурте салады.</p>	Балалардың жауабы.
Рефлексивті коррекциялаушы	<p>Балалар ал енді осы суреттерімізді қар ханшайымға көрсетейік. Қар ханшайым балалардың суретін мақтайды.</p> <p>Соңында Кай мен Герданың бақшада гүлдердің жанында отырған суреті пайда болады.</p> <p>Балалар қар ханшайымға біздің суреттеріміз ұнағандықтан Кайды босатыпты.</p>	Балалар бір-бірінің жасаған жұмыстарын қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: үлгіге қарап сурет салуды.

Түсінеді: ертегі мазмұнын .

Қолданады :түстерді үйлестіруді, үлгіге қарап сурет салу әдісін қолданады. .

Білім беру аймағы: «Шығармашылық».

Тақырыбы: «Үкі»

Мақсаты: Балалардың үкі құсы жайында білімдерін толықтыру, оның тіршілігімен, түр түсімен таныстыру. Дәстүрлі емес техникада композиция құруға үйрету.

Көрнекі құралдар: мақта дисктер, желім, қайшы, картон.

Тәсілдер-кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Балаларға жұмбақ жасыру.</p> <p><i>Бір құс бар үлгілдеген жүні жұмсақ, Тұяғы бейне болат алмас пышақ. Тұмсығы имек, көрмейді күндіз көзі, Шарықтап көкті кезіп, түнде ұшады.</i></p> <p style="text-align: right;">/Үкі /</p> <p>Балаларға үкінің суретін көрсету. Балалар үкінің басы үлкен. Көзі үлкен. Бірақ оның көзі жарықта көрмейді, ол өзінің азығын түнде ғана аулайды. Үкі жыртқыш құс. Ол тышқандарды аулайды. Ал күндіз үкі ағаштың дініндегі ұясында отырады. Үкі ұшқанда дыбыссыз ұшады екен.</p>	Балалар жұмбақтың жауабын табады.
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Балаларға үкінің бейнесін жапсыруды ұсыну. Басы дөңгелек, денесі сопақша, тұмсығы имек, көзі үлкен. Басын, денесін, қанаттарын мақта дисктерден қиып аламыз, көзін, тұмсығын түсті қағаздардан жасаймыз.</p> <p>- дөңгелектің жоғарғы жағынан шетін түзулеп қиып алмыз. Бұл үкінің басы. Екінші дөңгелекті сопақша қылып қиып алу, бұл үкінің денесі.</p> <p>Үшінші дөңгелекті ортасынан қиып аламыз, бұл жапалақтың қанаты.</p> <p>Қызыл түсті қағаздан үшбұрышты етіп тұмсығын қиып аламыз. Көзін сары қағаздан қиып жапсырамыз. Қоңыр түсті қағаздан ағаш, сары түсті қағаздан</p>	Балалардың өзіндік жұмысы.

	жұлдыздар мен айды қиып жапсыру. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Құша қанат қағайық, Бір отырып, бір тұрып. Біз тынығып алайық.	
Рефлексивті коррекция лаушы	Балалардың жұмыстарын көрмеге қою. Қ/Ойын: «Үкі мен тышқандар» Бір бала үкі болады, үкінің маскасын киеді. Балалар келіп: «Үкі үкі басың үлкен, көзің үлкен» дейді. Үкі рөліндегі бала: «Мен үкімін, үкімін жан жағыма қараймын тышқандарды аулаймын» дейді балаларды қуады.	Балалар жұмыстарын қарайды, ойынға қатысады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: «үкі» құсының түр түсін, тіршілігі жайында.

Түсінеді: дәстүрлі емес техникада композиция құруды.

Қолданады: әдіс тәсілдерді, қайшыны, желімді дұрыс қолданады.

Білім беру аймағы: «Қатынас», «Шығармашылық».

Тақырыбы: «Мимоза бұтағы» (дәстүрлі емес техника арқылы сурет салу.)

Мақсаты : Мимоза бұтағын дәстүрлі емес техниканы қолдана отырып (мақталы таяқшалар), және түрлі материалдарды – балауыз қарындаштар, гуашь біріктіру арқылы сурет салуға үйрету. Гүлдің бөліктері -сабағы, жапырағы, гүлі жайында, заттың түсі, пішіні, көлемі жайында білімдерін бекіту. Иілген сызықтар жүргізуге, штрихтауға үйрету. Саусақ маторикасын, қиялын дамыту. Шығармашылыққа қызығушылығын арттыру.

Қажетті құралдар: Гуашь, мақталы таяқшалар, балауыз қарындаштар. Үн таспа, ноутбук.

Тәсілдер- кезендері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
---------------------	---------------------	--------------------

<p>Мотивациялық-қозғаушы</p>	<p>Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын сендер жауабын тауып алындар. Жұмбақ жасыру: <i>Қар,мұз еріп, Су көбейіп, Сай-салада ағады. Бұршік шашып, Жапырақ ашып, Жер гүл шашақ тағады. Бөбектерім! Айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады?</i> <p style="text-align: center;">/Көктем/</p> Балалар дұрыс таптындар ол көктем. Слайд арқылы көктемнің суретін көрсету.</p>	<p>Балалар жұмбақтың жауабын табады.</p> <p>Балалар слайдтан көктемнің бейнесін қарайды.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Балалар қараңдаршы біздің көктеміміз көңілсіз екен. Не себепті көңілсіз екенін білейік. Көктемнің дауысы (үнтаспа): Балалар мені қыс ханшайым сыйқырлап тастады. Мені жер бетіне жібермей отыр. Маған сендер ғана көмектесе аласындар егер жұмбақтың жауабын тауып, суретін салсаңдар. Қыстың сиқырынан босатыламын. Тәрбиеші балаларға жұмбақты оқиды: Бұтағында гүлі бар гүлі сары, дөңгелек Балапандай үлпілдек. Суықта тез солатын Ол гүл ... болатын /мимоза/ Балаларға мимоза бұтағының суретін көрсету. Балалар мимоза үш бөліктен тұрады. Бұтағы, жапырағы, гүлі. Балалар суреттегі мимозаның қанша бұтағы бар? Гүлдері қанша? Гүлдерінің пішіні, түсі қандай? Сергіту сәті: <i>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі, Кіп-кішкентай ағаштар үп-үлкен боп өседі. Саусақ жаттығуы: «Саусақтарды ата» Оң қолда бар бес саусақ Сол қолда бар бес саусақ /Алақандарын ашып саусақтарын көрсетеді/ Оларды атап шақырар Әр қайсысының аты бар. Мынау- бас бармақ, Мынау- балан үйрек, Мынау-ортан терек, Мынау – шүлдір шүмек,</i></p>	<p>Балалар жұмбақтың жауабын іздейді. Балалар суретті қарастырады. Мимозаның үш бұтағы бар. Гүлдері көп, гүлдерінің түсі сары, пішіні дөңгелек.</p>

	<p><i>Мынау-кішкене бөбек. /Балалар саусақтарын кезекпен бүгеді</i></p> <p>Балалар біз мимоза бұтағын балауыз қарындаш арқылы саламыз. Жасыл балауыз қарындашты алып сол жақ төменгі бұрыштан, оң жақ жоғарғы бұрышқа қарай сызық жүргіземіз, бұл мимозаның бұтағы. Балауыз қарындашпен мимозаның негізгі бұтағынан тағы да екі бұтақша саламыз. Мимозаның жапырағын штрихтау әдісі арқылы саламыз. Гүлдерін мақталы таяқшаларды сары гуашьқа батырып, түрту әдісі арқылы бұтағының шетіне гүлдерін саламыз.</p> <p>Балаларға сурет салу әдісін кезеңдермен көрсету, түсіндіру.</p> <p>Балалардың сурет салу барысында экранда мимоза бұтағы пайда болады.</p> <p>Балалардың жұмысының аяқталу кезеңінде экранда көңілді көктемнің суреті пайда болады.</p>	Балалар кезеңдер бойынша сурет салады.
Рефлексивті коррекциялаушы	<p>Тәрбиеші міне балалар біз көктемді қыстың сиқырынан босаттық. Қараңдаршы ол енді күлімдеп тұр.</p> <p>Балалар жұмыстарын алып ортаға шығып шеңбер жасайды. Бір-бірінің жұмыстарын қарайды. Суреттерін көрмеге іледі.</p> <p>Тәрбиеші балалар біз сендермен нені бейнеледік?</p> <p>Мимоза қандай бөліктерден тұрады? Балалар Көктем сендерге көмектескендерің үшін сыйлық беріп жіберіпті.</p>	Мимоза бұтағын бейнеледік. Бұтағы, жапырағы, гүлі. Балалар көктемнің сыйлығына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: мимоза неше бөліктен тұратынын (сабағы, жапырағы, гүлі) .

Түсінеді: ағаштың діңін, жапырақтарын штрихтау әдісін салуды.

Қолданады: мақта таяқшасы арқылы сурет салу әдісін қолданады

Білім беру аймағы: «Қатынас», «Шығармашылық»


Бөлімі: мүсіндеу

Тақырыбы: «Анаға гүл»

Мақсаты : Балаларды рельефті картина жасауға үйрету. Дайын формалар арқылы немесе стека арқылы кесіп алу. Эстетикалық тәрбие беру.

Қажетті құралдар: стекалар, тақтайлар, оқтаулар, тұздалған қамыр, қылқалам, дайын формалар, сүлгілер, картон.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-	Баяу әуен естіліп тұрады.	Балалар өздерін гүл

<p>қозғаушы</p>	<p>Тәрбиеші: балалар кілемге отырып, көзімізді жұмайық. Көз алдымызға жаз мезгілін елестетейік, күн жылы, гүлдер өсіп тұр. Сендер гүл болғыларың келе ме? Ендеше өздерінді гүл болып елестетіңдер. Гүлдер әр түрлі сәнді. Күннің көзі әлі шыққан жоқ, гүлдер тыныш ұйықтап жатыр, терең демалып. Бір кезде күннің бір шуағы әр гүлді сипап өтті. Гүлдер бір көзін, содан соң екінші көзін ашты. Оңға, солға, жоғары, төмен қарады. Көздерін ашып, күннің көзіне күлімдеді. Күнге қуанды. Бәрі бірге қайырлы таң деді. Балаларға таяқшалардан қызғалдақ гүлін құрастыруды ұсыну.</p>  <p>Сергіту сәті: Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы, Желмен бірге ырғалған.</p>	<p>болып елестетіп тәрбиешінің айтуы бойынша қимылдарды қайталайды.</p> <p>Балалар үлгіге қарап отырып таяқшалардан гүл құрайды.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Ал сендер балалар аналарыңа гүл сыйлағыларың келе ме? Балалар гүлді әр түрлі жасауға болады екен. Балаларға әр түрлі жанр мен техникада жасалған гүлдердің суреттерін көрсету. Балаларға гүлдің суретін тұздалған қамырдан жасауды ұсыну. Рельефті картина үлгілерін көрсету. Балаларға әдіс тәсілдерді түсіндіру, көрсету. Тұздалған, қызыл, жасыл түске боялған қамыр кесектерін балалар оқтаумен жайып одан стеканың</p>	<p>Балалар суреттерді қараайды.</p> <p>Үлгі бойынша гүл мүсінін жасайды. Балалардың</p>

	немесе дайын формалардың көмегімен гүл пішінін қиып алады. Содан соң жапырағын, сабағын стекамен қиып алады. Бөліктерді бір-біріне біріктіру. Моншақтармен әшекейлеу. Жұмыс барысында балаларға көмек беру.	шығармашылық жұмысы.
Рефлексивті коррекциялаушы	Балалар жұмыстарын көремге қояды. Балаларды мақтау мадақтау.	Балалар көрмедегі жұмыстарын қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: гүлдің мүсінін жасау.

Түсінеді: әр түрлі әдіспен мүсіндеуге болатынын .

Қолданады: Гүлдің бөліктерін, үйренген әдіс тәсілдерді.

Білім беру аймағы: «Таным», «Шығармашылық».

Бөлімдері: Айналамен таныстыру, сурет салу.

Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар»

Мақсаты: Балықтардың тіршілігі, құрылымы жайында түсінік беру; Балықтар туралы білімдерін бекіту, дәстүрлі емес әдіспен сурет салуға үйрету, шығармашылық ой қабілетін дамыту.

Әдістер мен тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету.

Қолданылатын құралдар: аквариум, «Теңізде жүзген балықтар» бейнесюжет, желім қылқалам, сүлгілер, қағазға салынған балықтардың суреті, түрлі түсті гуашьпен алдын ала боялып кептірілген жарма ұнтағы (манка)

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
---------------------	---------------------	--------------------

<p>Мотивациялық-қозғаушы</p>	<p>Шаттық шеңбері: <i>Армысың қайырымды қара жер</i> <i>Армысың мөлдір таза су</i> <i>Армысың шұғылалы алтын күн</i> <i>Армысың мейірімді аспан ата.</i> Ғажайып сәт:-Орамал астына аквариум жасыру. Балаларға жұмбақтар жасыру:</p> <p>1) Аузы бар, ізі жоқ, терісі бар, жүні жоқ.</p> <p>2) Суда оның өмірі, суда оның қорегі. Қанаты бар ұшпайды, су астында қыстайды.</p> <p>Өте жақсы жұмбақтың шешуі /Балықтар/</p> <p>Ендеше алдымызда аквариум екен. Балалар аквариумдағы балықтарды жақынырақ келіп қарайық.</p>	<p>Балалар сөздерді қайталайды.</p> <p>Балалар жұмбақтың шешуін табады.</p> <p>Балалар балықтарды жақын келіп қарайды.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Балалар аквариум ішіндегі балық қандай балыққа ұқсайды?</p> <p>Ол қандай ертегіде кездеседі?</p> <p>Ол қандай? Оның түсі қандай?</p> <p>Балықтар сусыз өмір сүре ала ма?</p> <p>Дұрыс айтасындар балалар су балықтардың үйі, олар суда жүріп өз азықтарын табады.</p> <p>Балалар ал аквариумдағы балықтарға біз қалай күтім жасаймыз? Аквариумдағы балықтар арнайы қорекпен қоректенеді ол теңіздің кептірілген жәндіктерінен жасалады.</p> <p>Балықтарға қандай су құямыз?</p> <p>Балықтарға жайлы болу үшін аквариумның ішіне не саламыз?</p> <p>Балалар балықтарға балдырлар не үшін керек?</p>	<p>Алтын балыққа ұқсайды.</p> <p>Балықшы мен балық ертегісінде.</p> <p>Ол әдемі. Оның түсі сарғыш, алтын сияқты.</p> <p>Жоқ өмір сүре алмайды.</p> <p>Тамақ береміз суын ауыстырып отырамыз.</p> <p>Таза су құямыз</p> <p>Ұсақ тастар, балдыр саламыз.</p> <p>Кейбір балықтар балдыр жейді.</p> <p>Балықтар тастардың арасына тығылады.</p>

	<p>Ал тастар не үшін керек?</p> <p>Балалар сонымен қатар акваримудағы балықтарға тыныс алу үшін ауа тазартқыш құрал керек екен. Егер аквариумда таза ауа болмаса кейбір балықтар өмір сүре алмайды. Ау тазартқыш құрал түтікше арқылы таза ауаны суға жіберіп отырады. Оны тәжірибе арқылы көрсетуге болдаы.</p> <p>Қазір түтікшені алып ауа жұтып оны суға үрлейік не байқадыңдар? Көпіршіктер ол ауа. Міне ауа тазартқыш осылай жұмыс жасайды.</p> <p>Д.о: «Балықтарға не қажет»</p> <p>Балалар балықтар аквариумнан басқа тағы қайда өмір сүреді?</p> <p>Дұрыс айтасындар теңізде түрлі балықтар өмір сүреді екен. Қазір біз теңіздегі балықтар жайында бейнесюжет қараймыз. «Теңіз балықтары» бейнебаян.</p> <p>Балалар барлық балықтардың дене пішіні қандай ?</p> <p>Барлық балықтардың денесі нелермен қапталған?</p> <p>Балықтар қандай дене бөліктерінен құралған?</p> <p>Олар не арқылы жүзеді?</p> <p>Балықтың басында тыныс алатын қалқандары бар.</p> <p>Ал енді балалар біз сендермен балықтардың қалай жүзетінін көрсетейікші.</p> <p><i>Сергіту сәті:</i></p>	<p>Балалар түтікшені алып стакандағы суға салып үрлейді. Көпіршіктер пайда болғанын айтады.</p> <p>Балалар бірнеше заттардың суреттерінің арасынан балықтың өмір сүруіне қажетті заттардың суретін тауып көрсетеді.</p> <p>Теңізде, көлде, мұхитта.</p> <p>Сопақша сүйір болып келеді.</p> <p>Барлық балықтардың денесі қабыршақпен қапталған, басы, денесі, құйрығы, қанаттары бар. Құйрықтары, қанаттары арқылы жүзеді.</p>
--	---	---

	<p>Көне балалар тұрамыз Бойымызды жазамыз Балықтарға ұқсап біз Жүзіп- жүзіп аламыз.</p> <p>Балықтардың дене мүшелері құрылымын есте сақтау үшін біз сендермен ойын ойнайық. Д.О: «Балықтың дене мүшелерін тауып кұрастыр» <i>Мақсаты: балықтардың құрылымымен таныстыру, бөліктерді табуға үйрету.</i></p> <p>Балалар аквариумдағы балықтар мен теңіздегі балықтар ұқсастықтары мен айырмашылықтары неде?</p> <p>Балалар біз сендермен теңізде жүзген, аквариумда жүзіп жүрген балықтарды қарадық, ал енді біз сендермен аквариумда жүзген балықтың суретін саламыз. Ең алдымен саусақтарымызды жаттықтырып аламыз, саусақтарымызбен балықтардың қалай жүзетінін көрсетейік. <i>Саусақ жаттығуы: «Балықтар» Балықтар көңілді ойнайды, Теңіз түбін торлайды. Серпіледі, жазылады, Тоңса құмға тығылады.</i></p> <p><i>Методикалық нұсқаулар: мәтінге келістіре, қолымен, саусақтарымен әр түрлі қимылдар жасау.</i></p> <p>Балаларға алақанның саусақтардың көмегімен балықтың суретін салуды ұсыну. әдіс тәсілін көрсету-түсіндіру. Алақанды саусақтардың ішкі жағын қызыл түсті гуашь жағу. Боялған саусақ пен алақанды түзу қалпында қағазға бастыру. Алақан жағын балықтың басы деп алып қара түспен бөліп көрсету саусақ жақтары құйрығы деп түсіндіру. Тас балдырларды саусақпен салуды көрсету. Суретті аяқтаған соң алақандарын саусақтарын салфеткамен сүрту керектігін айту. Балаларға бұл</p>	<p>Балалар балыққа тиісті дене мүшесін табуы керек.</p> <p>Дене құрылымы бірдей. Аквариумдағы балықтар кішкентай ал теңіздегі балықтар үлкенірек.</p> <p>Балықтар саусақ жаттығуын қайталап жасайды.</p> <p>Балалардың өзіндік жұмысы.</p>
--	---	--

	бейнелеу өнерінің «сюжет» жанрына жататынын түсіндіру.	
Рефлексивті коррекциялаушы	Ненің суретін бейнеледік? Балықтар қайда өмір сүреді? Балықтар қандай дене мүшелері бар?	Балықтың суретін бейнеледік. өзендерде, теңіздерде, аквариумда. Басы, құйрығы, қанаттары.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Балықтардың құрылымын

Түсінеді: балықтардың тіршілігі жайында.

Қолданады: балық суретін дәстүрлі емес әдістерді.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық».

Бөлімдері: сурет салу

Тақырыбы: «Гүлдер»

Мақсаты: Балаларды сулы қағазда сурет салу әдісімен таныстыру, акварель бояуымен сурет салуын жетілдіру. Балаларды түстерді үйлестіруге, сәнді композиция құруға үйрету.

Көрнекі құрал: қағаз, акварель бояуы, қылқалам, сүлгі, су құйылған құты.

Тәсілдер-кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
<p>Мотивациялық-қозғаушы</p>	<p>Балалар сендер сиқыршыға айналғыларың келе ме? Ендеше жұмбақтардың жауабын шешіңдер: <i>Өзі сондай нәзік</i> <i>Су құйса кетеді</i> <i>Алақанны жазып?</i></p> <p style="text-align: center;">/Гүл/</p> <p>Балалармен ығүрлі гүлдердің суретін карау.</p> <p>Раушангүлі, қызғалдақ үглі, бәйшешек гүлі, қалампыр гүлі. Олардың түр түсіне назар аударту.</p> <p>Ал, біз гүлдерді кімдерге сыйлаймыз?</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар гүлдерді аяқпен басуға болама? - Ал, олады жұлуға болама? - Гүлдерге біз не құйсақ өседі? - Дұрыс айтасыңдар балалар. 	<p>Балалар жұмбақтың жауабын табады.</p> <p>Балалар суреттегі гүлдерді карап оларға сипаттама береді.</p> <p>Біз гүлдерді анамыз бен әжемізге, әпкелерімізге сыйлаймыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Гүлдерді аяқпен басуға болмайды, жұлуға болмайды. - Гүлдерге біз су құйсақ өседі.
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Д.Ойын: «Гүл құра» Мақсаты: гүлдің құрылысымен таныстыру. Балаларға сиқыршыларға айналып, ғажайып гүлдердің суретін салуды ұсыну. Сулы қағазда сурет салу әдісін көрсету, түсіндіру. Қағазды губканың көмегімен сулап аламыз, суды аз мөлшерде жағуды ескерту. Дымқыл қағазға бояуды жаққанда оның жан – жаққа таралатынын карау. Сол кезде сурет сәнді болатынына назар аударту. Ең алдымен гүлдің күлшесін гүлін саламыз. Қылқаламның ұшымен ғана</p>	<p>Балалар гүлдің сабағын жапырағын, тамырын гүлін жинайды.</p> <p>Балалар үлгіге карап сурет салады.</p>

	нүкте жасаймыз, бояудың жайылғанын көреміз, келесі түсті алып тағы да жанына нүкте жасаймыз бояулар араласып, сәнді аралас түске айналады. Одан кейін сабағын жапырағын саламыз. Сергіту сәті: Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер Қызыл гүлдер, көк гүлдер. Өсе берші нұрланып, Өсе берші ырғалып	
Рефлекси вті коррекци ялаушы	Балалар біз бүгін нелердің суретін салдық? Гүлдер қандай бөліктен құралады? Қандай гүлдердің атын білеміз?	Гүлдердің суретні салдық. Гүлдер сабағы, жапырағы, тамырдан құралған. Раушан гүлі, бәйшешек, қалампыр, қызғалдақ Балалар бір-бірінің суреттерін қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: гүлдердің атауын, қандай бөліктен құралатынын.

Түсінеді: композиция құруды түсінеді.

Қолданады: сулы қағазда сурет салуды қолданады.

Білім беру аймағы: «Қатынас», «Шығармашылық»,

Тақырыбы: «Қуыршаққа көйлек»

Мақсаты : қағаздың кейбір қасиеттерімен (қалың, жұқа, тез жыртылады) тәжірибелік іс-әрекет барысында (үзу, орау) таныстыру. Ой қабілетін, қол матрикасын дамыту.

Қажетті құралдар: қағаздың түрлері, қағаз қуыршақ, мата сүлгілер, гуашь, гүл бастырмалар.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қонаққа қағаз қуыршақ келеді. Балалар бізге бүгін қағаз қуыршақ қонаққа келді. Қағаз қуыршақ қағаздар елінен келіпті, қағаздар елінде барлық заттар қағаздан	Балалар қызығушылық білдіреді. Қағаз ханшайымның көйлегіне назар аударады.

	<p>жасалған екен. Жиһаздар, ыдыстар, киімдер. Қағаз қуыршаққа мұқият қараңдаршы, оның көйлегі қандай қағаздан жасалған? Балаларды қағаздың түрлерімен таныстыру : ақ қағаз, картон, сусіңіргіш салфетка, газет, фольга. Балалар ал біздің әлемімізде қағаздан жасалған заттар бар ма? Қағаздан жасалған қандай заттар бар атап беріңдерші. Д/о: «Қандай заттар қағаздан жасалады»</p>	<p>Оның көйлегі картонна, сүлгі қағаздан, газеттен жасалғанын айтады. Балалр қағаз түрлерін қарайды. Балалар өздеріне таныс заттарды атайды.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Балалар енді столдың жанына жақындап, столдың үстіндегі заттардың арасынан қағаздан жасалған заттарды таңдап алыңдар. Тәжірибе жасау. Балалар ақ қағаз үлестіріп беру. Балалар енді осы қағазды умаждап көріңдер. Қағазды умаждау оңай ма ? не себепті? Енді өздерің тұрған столды майыстырып көріңдер. Майыса ма? Балалар енді қағазды жыртып көріңдер. Тез жыртылды ма? Ал енді мата сүлгіні жыртып көріңдер. Орамал жыртылды ма? Енді балалар қағазды суға салып көрейік. Қағазды судан алайық. Не көріп тұрмыз? Қағаз тез су сіңіргіш. <i>Сергіту сәті:</i> <i>Оң қолымды көтерем,</i> <i>Оң қолымды түсірем.</i> <i>Сол қолымды көтерем,</i> <i>Сол қолымды түсірем.</i> <i>Оңға қараймын,</i> <i>Аяқты топ-топ басамын.</i> <i>Солға қараймын,</i> <i>Біраз сергіп аламын.</i> Балалар қағаздың қандай түрлері бар екен? Қағаздың қандай қасиеттері бар? Балалар қағазды жайдан жай лақтыруға болмайды, себебі қағазды ағаштан жасайды екен, ал ағаштарды, табиғатты қорғау керек. Балалар біз альбомның, дәптердің</p>	<p>Балалар қағаздан жасалған заттарды басақа заттардың арасынан таңдап алады. Альбом, дәптер, газет Қағазды умаждау оңай себебі ол жұмсақ стол қатты майыспайды ол ағаш. Қағаз тез жыртылды себебі оның сапасы төмен. Ал мата сүлгі жыртылмады ол матадан жасалған. Матаның сапасы қағазға қарағанда мықтырақ. Қағаз суды өзіне сіңірді, су болды. Ал қағазды судан алғанда ол тез жыртылып қалды. Балалар сегіту сәтін тәрбиешімен бірге қайталайды. Картон, газет, фольга Одл тез жыртылады, тез майысады, жұмсақ, су сіңіргіш. Жазу үшін сурет салу</p>

	қағаздарын не үшін қолданамыз? Балалар қағаз қуыршақты достары қонаққа шақырыпты, оның үстіндегі көйлегінен басқа көйлегі жоқ екен. Ол оған көмек беруді, түрлі түсті көйлектер жасап беруді сұрайды. Балалар қағаздан қиылған көйлектерге, дайын бастырманы, ұнатқан кез келген ашық түсті гуашьқа батырып, бастыру әдісі арқылы гүл салады. Сурет салып болғанна кейін қолдарын сүлгіге сүртеді.	үшін. Балалар көмек беруге келіседі.
Рефлексивті коррекциялаушы	Өткізілген іс-әрекетке талдау жасау. Көрме ұйымдасытру.	Балалар қағаз қуыршаққа көмек бергеніне қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: қағаздың қасиетін.

Түсінеді: қағазбен жұмыс жасау ережесін.

Қолданады : бастырмамен гүлдің суретін салуды әдісін.

Білім беру аймағы: «Қатынас», «Шығармашылық»,

Тақырыбы: «Мысыққа сыйлық»

Мақсаты : Геометриялық пішіндерден бейне құрастыруға , жапсыруға жаттықтыру. Геометриялық пішіндердің атауларын білу. Мақталы таяқшалар арқылы сурет салуын жетілдіру. Ұқыптылыққа, бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. Саусақ маторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін артыру.
Қажетті құралдар: мысықтың суреті, түсті қағаздан қиылған геометриялық пішіндер, желім, гуашь, мақталы таяқшалар, сүлгілер.

Тәсілдер-кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалалардың әрекеті
--------------------	---------------------	----------------------

<p>Мотивациялық-қозғаушы</p>	<p>Балаларға жұмбақ жасыру: <i>Асын ішіп , бетін жуады.</i> <i>Ұйқысы қысып , көзін жұмады.</i> <i>/ Мысық/.</i></p> <p>Балалар бізге мысық қонаққа келіпті. Мысығымыз көңілсіз екен не себепті көңілсіз екенін білесіңдер ме? Ал мен білемін Балалар сендер туған күнді ұнатасыңдар ма? Туған күнді не үшін ұнатасыңдар? Туған күнде достарың келеді. Сыйлық сыйлайды. Мысық та туған күніне сыйлық алғысы келеді. Ал мысықтың туған күніне сыйлық сыйлайтын достары жоқ екен. Біз сендермен мысыққа көмектесейікші оған туған күніне шарлар сыйлайық.</p>	<p>Балалар жұмбақтың жауабын шешеді. Мысықтың келгеніне қуанады.</p> <p>Балалардың жауабы.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Бірақ ең алдымен мысықты көілдендірейік Саусақтарымызды мысықтарға айналдырайық. Ортаңғы және төртінші саусақтарды бүгіп , ұштарын бас бармақтың ұшымен қосып ұстау. Бұл мысықтың тұмсығы, сұқ саусақ пен шынашақты көтеру. Бұл мысықтың құлақтары деп түсіндіру. «Мысықтың тырнақтары» Саусақтардың ұштарын, алақанның жоғарғы жағына қысу, бүгу. Ашуланған мысықтың кейпін келтіріп, ш-ш -ш-ш деп дыбыстау. Балалар енді мысыққа қарандаршы оның денесі геометриялық пішіндерден құралған. Қандай геометриялық пішіндерден құралған?</p> <p>Енді сендердің алдарыңда геометриялық пішіндер берілген қане біз осы пішіндерден мысық құрастырып көрейік.</p> <p>Ал енді сендердің алдарыңда мақталы таяқшалар берілген осы таяқшалардан</p>	<p>Балалар тәрбиешімен бірге саусақ жаттығуын қайталайды.</p> <p>Үлкен үш бұрыш, кішкентай үшбұрыштар, дөңгелек, сопақша, жарты сопақшалар.</p> <p>Балалар геометриялық пішіндерден мысық құрастырады.</p>

	біз мысқтарға шарлар жасаймыз Бірақ ең алдымен мысықтарыңды қағазға жапсырыңдар. Тәрбиеші баларға жапсыру ережесін мақталы таяқшалармен шардың суретін салу әдісін көрсетеді.	Балалардың өзіндік жұмысы.
Рефлексивті коррекциялаушы	Балалар енді біздің мысығымыздың достары көп. Енді оның туған күні көңілді өтеді.	Балалар тақтадағы мысқтың жанына өз мысқтарын оранластырады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: пішіндердің атауларын.

Түсінеді: берілген пішіндерді бейне құрастыруды.

Қолданады: үлгі бойынша сурет салуды дәстүрден тыс әдісті.

Білім беру аймағы: «Қатынас», «Шығармашылық»,

Тақырыбы: «Шөже»

Мақсаты :үй құстары туралы білімдерін бекіту. Дәстүрлі емес техникада сурет салуға үйрету. Саусақ маторикасын дамыту.

Қажетті құралдар: үй құстарының суреттері, бұршақ, бидай дәндері, ыдыстар, гуашь, шырын ішетін түтік.

Алдын ала жүргізілген жұмыс: «Өтеш пен бұршақ дәні» ертегісін оқу.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-козғаушы	Балалар қараңдаршы күн шуағын төгіп тұр. Осы күннің шуағына	Балалар күнге қолын созып, бір-бірінің

	<p>алақанымызды тосып, күннен алған жылуымызды бір-бірімізге берейік. Мынау сөздерді бірге қайталайық: Жылуыма-жылу қос міне менің қолым бос. Балалар енді біз сендермен саусақтарымызбен ойын ойнайық. <i>Саусақ жаттығуы: «Қуырмаш»</i> <i>Қуыр , қуыр ,қуырмаш</i> <i>Балалпанға бидай шап,</i> <i>Бас бармақ,</i> <i>Балалы үйрек</i> <i>Ортан терек</i> <i>Шылдыр шүмек</i> <i>Кішкене бөбек</i> <i>Сен тұр қойына бар</i> <i>Сен тұр қозына бар,</i> <i>Сен тұр жылқына бар.</i> <i>Сен тұр сиырына бар</i> <i>Ал сен алаңдамай қазан түбін жалап жат .</i> Қонаққа әтеш келеді. Балалар біздің тобымызға әтеш келіпті. Әтеш балалармен амандасады.</p>	<p>қолдарынан ұстайды.</p> <p>Балалар қалай жем шашатындарын көрсетеді саусақтарын кезекпен бүгіп, жазады.</p> <p>Балалар әтештің келгеніне қуанады.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>«Әтеш пен бұршақ дәні» ертегісі бойынша әңгіме жүргізу. Балалар ертегіде әтешке не болды? Әтешке не көмектесті? Әтеш бұршақ дәніне қақалмау үшін не істеу керек еді?</p> <p>Бұршақпен ойын: бұршақ дәндерін бидай дәндерінен ажырату.</p> <p>Д.О: «Балапандарын тауып бер» Мақсаты: үй құстары жайында білімдерін бекіту.</p> <p>Балаларға шөженің суретін салуды ұсыну.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Балалар өз ойларына йтады. Олардың иесі құстардың жеміне бұршақ дәнін қоспауы керек екенін айтады. Балалар бұршақ дәндерін бидай дәндерінің арасынан тереді. Балалар әр үй құстарының балапандарын тауып атайды.</p>

	<p>Бояу тамшысын үрлеу арқылы сурет салудың әдіс тәсілдерін түсіндіру.</p> <p>Қыл қаламмен қағазға сары бояу тамызамыз, оны шырын ішетін түтікпен жанжаққа үрлейміз. Бұл балапанның денесі. Жоғарғы жағына тағы да сары бояуды аздап тамызамыз оны да үрлейміз. Бұл балапанның басы. Жіңішке қылқалам арқылы қызыл бояумен тұмсығын ақтарын жасаймыз.</p>	<p>Балалар үлгілерді қарайды.</p> <p>Балалардың өзіндік жұмысы.</p>
Рефлексивті коррекциялаушы	<p>Өткізілген іс әрекетке талдау жасау.</p> <p>Суреттерден көрме ұйымдастыру.</p>	<p>Балалар суреттерін қарайды көрмеге орналастырады.</p>

Күтілетін нәтиже:

ұғынады: үй құстарының атауларын білуі тиіс

Түсінеді: үй құстарының тіршілігі жайында.

Қолданады: дәстүрлі емес әдісті, кляксогафия әдісін.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық».

Бөлімдері: сурет

Тақырыбы: «Көбелек»

Мақсаты: Дәстүрлі емес техникада сурет салуға үйрету, суретті ұқыпты бояуға үйрету, саусақ маторикасын дамыту.

Қолданылған құралдар: әр түрлі-түсті көбелектердің суреттері, ақ қағазға бейнеленген көбелектің суреттері, түсті қарындаштар, желім, құм, сүлгі, қылқалам.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Жұмбақ жасыру:</p> <p>Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады.</p>	<p>Балалар жұмбақтың жауабын шешеді.</p>

	(Көбелек) Балаларға суретін көрсету.	
Іздену – ұйымдастырушы	<p>Балалар суреттен қарайықшы Көбелек қандай бөліктерден құралған? Денесінің пішіні қандай? Көбелектің қанаттары қандай? Мұртшалары қандай? Саусақтарымызбен қолымызбен көбелектің қанаттарын, мұртшаларын бейнелейік.</p>  <p>Ойын: «Көбелек пен жаңбыр» Ойын 2-3 рет қайталанады. Балаларға құм арқылы гүлдің суретін салуды ұсыну. Балаларға суретті бояу техникасын түсіндіру. Монотипия әдісімен көбелектің бейнесін салу. Ақ қағаздан симметриялы көбелектің бейнесін қиып аламыз бір жағына түрлі түсті бояулар жағамыз, ортасынан бүктейміз. Көбелектің екінші қанаты симметриялы болып түрлі түске боялады.</p>	<p>Балалар суреттерді қарайды. Көбелектің Басы, денесі, қанаттары, және мұртшалары бар екенін айтады.</p> <p>Балалар көбелек болып гүлден гүлге қонып ұшып жүреді. Тәрбиеші жаңбыр дегенде балалар қимылдамай отыру керек. Қозғалып қойған бала ойынна шығады. Балалардың өзіндік жұмысы.</p>
Рефлексивті коррекциялаушы	<p>Балалар біз сендермен ненің суретін бейнеледік? Балалардың жұмыстарын мақтау-мадақтау Көрме ұйымдастыру.</p>	<p>Балалар бір-бірінің жұмыстарын қарайды. Жұмыстарын көрмеге орналастырады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: көбелектің дене құрылысын білу.

Түсінеді: түстерді үйлестіруді.

Қолданады: монотипия әлісін.

Білім беру аймағы: «Қатынас», «таным», «Шығармашылық»

Тақырыбы: «Жәндіктер әлеміне саяхат» (тұздалған қамырдан қоңыз мүсіндеу)

Мақсаты : Жәндіктер әлемінің көп түрлілігі жайында түсінік беру. Балалардың қоңыз мүсінін жасауға қызығушылығын артыру. Тұтас бөліктен қажетті бөлшекті бөліп алуға үйрету.

Танымдық қабілетін, шығармашылығын артыру.

Қажетті құралдар: жәндіктердің суреті, жәндіктердің табиғатта бейнеленген суреттері, тұздалған қамыр, гуашь, сүлгілер, қылқалам.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық- қозғаушы	<p>Жылулық шеңбері: Балалар бүгін сендер қандай әдемісіңдер, Балалар шеңбер жасайықшы. Баллар қазір қандай жыл мезгілі?</p>	<p>Балалар шеңбер жасап, жылулық шеңберінің сөздерін қайталайды.</p>

	<p>Қарандаршы бүгін күн шуағын төгіп тұр. Қане қолымызды жоғары көтеріп, күнге қарай тарытлайық күннен алған жылуымызды бір-бірімізге берейік. Бәріміз бірге қайталайық: Жылуыма жылу қос міне менің қолым бос. Балалар мен сендерді жәндіктер еліне саяхат жасауға шақырамын. Бірақ ол үшін сендер менің жәндіктер туралы жұмбақтарымды шешіңдер.</p> <p><i>Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады. / Көбелек /</i></p> <p><i>Гүлге қонады, Гүлдің қонағы Үйіне кірсең Бөшкелері балға толы /Ара/</i></p> <p><i>Қарайып ұшты қарғадай, Бармаған жері қалмады-ай. Жерге түсті, ін қазды, Аяғымен тырмалай. / Қоңыз /</i></p> <p><i>Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге Аспалыторлар құрады. /Өрмекші/</i></p> <p>Көбелек, ара, қоңыз, өрмекші жәндіктер. Балалармен жәндіктердің суреттерін қарау.</p>	<p>Балалар жұмбақтың шешуін табуға тырысады.</p> <p>Балалар жәндіктерді суреттен қарайды.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Д.О: «Қандай жәндік жасырынды?» Мақсаты: жәндіктерді табиғатта іздеп табуға үйрету, зерттеу ісерлігін дамыту.</p> <p>Д.о: «Суретті құра» Мақсаты: бөліктерден тұтас бейне құрауға үйрету.</p> <p><i>Сергіту сәті:</i></p>	<p>Балаларға табиғатта жәндіктер бейнеленген суреттер үлестірмелі материалдар беріледі, балалар суреттерді ұлғайтқыш әйнекпен қарап, қандай жәндіктерді тауып алғандарын айтады.</p> <p>Топқа бөлініп бір түсті бөліктерді жинап құрастырады қандай жәндік құрастырғанын қарап айтады. (Өрмекші, шегіртке, құмырсқа, маса, қан қызы)</p> <p>(Еңкейіп жерді көрсету) (Қап көтеру) (қолды алға жаю) (басын шайқап, саусақты</p>

	<p>Кіп кішкентай құмырсқа, Бейім барлық жұмысқа. Еңбекшіл, жоқ зияны Қиянат етпе сен босқа Денесіне қарамай Жүк салмағын талғамай. Көтергені ауыр бөрене Алып емей немене!</p> <p>Балалар мынау тоғайға қарандаршы бір ғана қызыл қоңыз бар екен. Ол көңілсіз екен себебі оның достары жоқ. Біз сендермен оған дос жасап берейік. Балаларға тұздалған қамырдан қоңыздың мүсінін жасауды ұсыну. Қызыл қоңыз суреттен қарау. Қандай түстерді қолданатынын неше бөліктен жасайтындарын түсіндіру. Мүсіндеудің әдіс тәсілдерін түсіндіру, көрсету. Тұтас бөліктен басын денесін жасауға үйрету, пішінді гуашьпен бояу, денесін қызыл, басын қара түстерге бояу.</p>	<p>сермеу) (денені бастан аяқ көрсету) (гирь көтеру: жоғары, төмен) (еңкейіп зат алу) (күш көрсету)</p> <p>Балалардың шығармашылық жұмысы.</p>
Рефлексивті коррекциялаушы	<p>Балалар енді жәндіктер елінен тобымызға оралайық. Балалар бүгін біз сендермен нелермен таныстық? Қандай жәндікті мүсіндедік?</p>	<p>Балалар қолымыздан ұстап бір екі үш деп айтайық топқа енді қайтайық. Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: жәндіктердің түрлерін, атауларын білуі тиіс

Түсінеді: жәндіктер әлемінің алуан түрлілігі жайында түсінігін қалыптастыру.

Қолданады: қоңыз мүсінін жасау қолынан келуі тиіс.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық».

Бөлімдері: сурет салу

Тақырыбы: «Жауқазын гүлі»

Мақсаты: Балаларға умажалған қағаз арқылы сурет салу тәсілін үйрету. Сурет салуға қызығушылығын арттыру.

Көрнекі құрал: гуашь бояуы, су, қағаз, қылқалам, сүлгі.

Тәсілдер-кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде табиғатта тамаша құбылыстар болады. Көктем келіп, жер көгеріп, Дала ғажап түрге енді</p>	Көктем мезгілі.

	<p>Ауламыз да, бақшамызда Күлпырды да гүлденді. Өлең оқып мазмұны бойынша әңгіме жүргізу. Балалар көктем мезгілінде жауқазын гүлі де гүлдейді екен. Балаларға жауқазын гүлдері гүлденген бақтың суретін көрсету. Балалар жауқазын гүлінің суретін салуды ұсыну.</p>	<p>Балалар көктемде табиғатта болатын өзгерістер жайында әңгімелейді.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Ең алдымен ақ қағазға фон жасаймыз. Қағаздың жартысын ашық көгілдір түспен, ал төменгі жағын ашық жасыл түстен бояймыз. Көгілдір түс ол аспан, ал төменгі жасыл түсті жағы жер деп түсіндіреміз. Алақанымыздың арасына қағазды умаждаймыз. Умаждалған қағазға ақ түсті бояу жағып оны көгілдір фонға бастыру арқылы бұлт салмыз. Енді тағы да басқа қағазды умаждап, умаждалған қағазға күрең жасыл бояу жағып оны жасыл түсті фонға бастырамыз бұл шөп болып есептеледі. Енді кішкене қағаздың қиындысын умаждап оған қызыл түсті бояу жағамыз, бояуды жасыл түсті фонға бастырамыз. Бұл жауқазын гүлі. Қылқаламның көмегімен, сабағын, жапырағын саламыз. Балалар сазды әуенмен жұмысқа кіріседі. Сергіту сәті: Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер Қызыл гүлдер, көк гүлдер. Өсе берші нұрланып, Өсе берші ырғалып</p>	<p>Балалар үлгі бойынша кезеңдермен сурет салады.</p>
<p>Рефлексивті коррекциялаушы</p>	<p>Сабақ соңында суреттерді қарастыра отырып, жауқазын гүлдерін тамашалаймыз.</p>	<p>Балалар суреттерін көрмеге орналастырады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: күз мезгілінің белгілерін.

Түсінеді: үлгіге қарап сурет салуды.

Қолданады: умаждалған қағаз арқылы сурет салу әдісін.

Білім беру аймағы: «Қатынас», «Шығармашылық»

Бөлімі: мүсіндеу

Тақырыбы: «Жапырақтағы ұлу»

Мақсаты : Қолдың жіңішке маторикасын дамыту. Бөліктерге бөлуге, пропорцияларын дұрыс келтіруге үйрету, ширату, созу, орау, әдістерін пайдалана отырып, пішінін дұрыс келтіре отырып, бейнеге ұқсата білуге үйрету.

Қажетті құралдар: Ойыншық ұлу, ұлудың суреті, тақтайшалар, тұзды қамыр, сүлгілер.

Тәсілдер- кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ жасыру: Тастамайды бір елі,	Балалар жұмбақты шешеді.

	<p>Үйін сүйреп жүреді. (Ұлу) Тәрбиеші балаларға ойыншық ұлуды көрсетеді.</p>	<p>Бұл ұлу.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Балалар бұл не? Балалар сендер ұлуды өмірде көрдіңдер ме? Ол туралы не білесіңдер? Балаларға ұлуды суреттен көрсету. Ұлу кішкентай, ол бауырымен жорғалайды. Ол суды, ылғалды ұнатады. Арқасындағы қауырсын ол оның үйі. Ұлу қауіп туғанда өз үйіне жасырынып қалады. Ұлудың басында нелер бар? Ұлудың екі кішкентай және екі үлкен мұртшалары бар екен. Кіші мұртшалары арқылы ұлу иіс сезеді. Ал үлкен мұртшалары ол көздері. Біз сендермен ұлудың мұртшаларын жасап көрейікші. <i>Саусақтарды алақанға жұмып, сұқ саусақпен, кіші саусақ, ұлудың мұртшалары болады, Ұлудың мұртшалары қозғалады деп саусақтарды қимылдату.</i> Ұлу шөппен қоректенеді. Ұлу өте баяу қозғалады. Ұлудың қауырсыны тез сынғыш. Ұлу кішкентай, қорғансыз сондықтан біз оны қорғауымыз керек. Балалар ұлу мұртшаларымен жақсы сезеді екен ал сендер қолдарыңмен жақсы сезесіңдер ме? Оны білу үшін ойын ойнайық. <i>Ойын: «Қоржында қандай ойыншық жасырынды»</i> <i>Мақсаты: саусақ сезгіштігін дамыту.</i></p> <p>Бүгін біз сендермен ұлудың мүсінін жасаймыз. Ең алдымен біз қолымызды жаттықтырып алайық. Алақанға, саусақтарға массаж жасау.</p>	<p>Балалар ойыншыққа қызығушылық білдіреді.</p> <p>Мұртшалары бар</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды.</p> <p>Балалар қоржынның ішінде қандай ойыншық жасырынғанын қолымен ұстап сезу арқылы тауып айтады.</p>

	<p>Балалар саусақтарын, алақандарын уқалайды.</p> <p>Балаларға ұлуды мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін көрсету- түсіндіру. Тұзды қамыр кесегін алақанға салып домалату екіге бөлу, бір бөлікті алақанға салып ширату, денесін жасау. Екінші бөлікті де алақанға салып ширату, арқасындағы қауырсынын жасау. Жасыл қамырдан жапырақ жасау.</p>	<p>Балалар үлгіге қарап жасайды. Балалардың өзіндік жұмысы</p>
<p>Рефлексивті коррекциялаушы</p>	<p>Балалар біз бүгін нені мүсіндедік? Ұлу қайда мекендейді? Ол немен қоректенеді? Көрме ұйымдастыру. Балалардың жұмыстарын мақтау-мадақтау.</p>	<p>Ұлуды мүсіндедік. Ұлу шөптердің арасында ылғалды жерлерде мекендейді. Ол шөппен қоректенеді. Балалар жұмыстарын көрмеге қояды. Кімнің жұмысы ұнағанын айтады.</p>

Күтілетін нәтиже:

ұғынады: ұлудың мүсінін жасай білуі тиіс.

Түсінеді: ұлудың тіршілігі жайында білуі тиіс.

Қолданады: сипап сезу арқылы заттарды тани білу.

Білім беру аймағы: «Шығармашылық».

Бөлімдері: сурет салу

Тақырыбы: «Жазғы пейзаж»

Мақсаты: Балалардың сурет салуға қызығушылығын арттыру, «жазғы пейзаж» тақырыбында композиция құра білу нышанын арттыру. Жаз мезгілінің түстерін дұрыс таңдай білуге, үйлестіре білуге жаттықтыру.

Көрнекі құрал: қағаз, акварель бояулар, қылқалам, сүлгі, су құйылған құты, хат.

Тәсілдер-кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың әрекеті
--------------------	---------------------	--------------------

<p>Мотивациялық-қозғаушы</p>	<p>Балалар біздің тобымызға хат келіпті, ол сонау суық солтүстік елден келіпті, бұл хатты пингвиндер жіберген екен. Мен сендерге осы хатты оқып берейін.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сәлем балақайлар! Сендерге хат жазып жіберген солтүстіктегі пингвиндер. Балалар біз сендердің ақылды, екендеріңді білеміз. Сендер ән саласыңдар, би билейсіңдер суерте те саласыңдар. Сондықтан біз сендерден көмек сұраймыз. Балалар біз суық жақтағы суретшілер мектебінде оқимыз. Бізге мұғаліміміз үй тапсырмасына жаз мезгілінің суретін салып алып келуді тапсырды, бірақ біз суық елде тұрғандықтан біздің елімізде жаз мезгілі ешқешен болмайды. Біз жаз мезгілінің суретін қалай салу керектігін білмейміз. Сендер бізге жаз мезгілінің пейзажы бейнеленген сурет салып хат арқылы беріп жібере аласыңдар ма? –дейді балалар көмек берейік пе? 	<p>Балалар хатты мұқият тыңдайды. Көмек беруге келіседі.</p>
<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>	<p>Балалар ең алдымен біз жаз мезгілінің түстерін еске түсірейік? Қандай түстерді қолданамыз жаз мезгілін бейнелеу үшін?</p> <p>«Пейзаж» жанырындағы суретте не бейнелену керек?</p> <p>Ең алдымен біз жазғы пейзаж қандай болатынын есек түсірейік.</p> <p>Д.о: «Жазғы пейзаж құра»</p> <p>ИКТ Power point арқылы</p> <p>Мақсаты: жаз мезгіліне қатысты суреттерді тандай білуге, пейзаж құрауға үйрету.</p>	<p>Балалар жаз мезгілінде қандай түстерді көбірек қолданатынын еске түсіреді: жасыл түсті көбірек қолданамыз. Ағаштардың жапырақтары, шөп жасыл, күннің көзі сары, аспан көгілдір. Пейзаж жанрында табиғат бейнеленеді.</p> <p>Балалар жазғы фонға жазғы пейзажға қажетті суреттерді орналастырады. Ағаш, , гүлдер.</p> <p>Балалар өз ойлары</p>

	<p>Балалар ал енді көздеріңді жұмып жазғы табиғатты еске түсірейік. Жазғы күннің көзін, ағаштар мен шөптерді көз алдымызға елестетейік.</p> <p>Енді әр кім өз қалауы бойынша жазғы пейзаждың суретін салсын.</p> <p>Сергіту сәті: Көңілді күн.</p>	<p>бойынша жазғы пейзаждың суретін салады.</p>
<p>Рефлекси вті коррекци ялаушы</p>	<p>Балалардың суретерін мақтау, мадақтау. Суреттерді пингвиндерге хат арқылы жеткізілетінін айту.</p>	<p>Балалар бір бірінің суреттерін қарпайды. Суреттерді көрмеге орналастырады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: жаз мезгілінің ерекшелігін.

Түсінеді: түстерді дұрыс таңдау, жазғы пейзажды бейнелеуді түсінеді.

Қолданады: қылқаламды, бояуларды өз қалауынша қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты» мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту 2012 жыл. «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы.

2. Бейнелеу өнері әдістемелік құрал Л.П. Губанова, Л.Н. Бахарева
Алматы 2006

3. Дошкольное воспитание 2007 №8

4. М. И. Давыдова «Нетрадиционные техники рисования в детском саду» «Издательство Скрипторий 2003».
5. «Самоучитель по рисованию» О. Шаматова. Москва 2007.
6. «Веселые игры с красками» Москва 2007ж.



Бекітемін

ЖШС «Жанару» б/б меңгерушісі

С.Атыгаева

«Тапқыштар»

вариативтік компонентінің перспективтік жоспары және тех картасы

ересек топ.

2021-2022 оқу жылы

«Тапқыштар әлемі» (вариативтік жоспар)
Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағаты
1	«Отбасы мүшелерін ата»	Отбасы мүшелерін атап, оларды ажырата білуге үйрету. Әке мен ананың, қыз бен ұлдың заттарын ойша ажырата отырып сызықтармен қоса білуге дағдаландыру. Өз отбасына сүйіспеншілікпен қарауға, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	1
2	«Суретпен жұмыс»	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу	1
3	«Артық затты табу, бір сөзбен атау»	Ойша артық затты бөліп, қалған заттарды бір сөзбен атай білуге үйрету. Сурет бойынша суретшінің шатастырған қателіктерін таба білуге дағдыландыру. Өз—өздеріне дұрыс баға бере білуге тәрбиелеу.	1
4	«Заттарды санау. Тура және кері санау»	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту	1
5	«Геометриялық пішіндерді ажырату, кеңестіктен таба білу».	Балаларға геометриялық пішіндер жайлы білім беру. Қолдарының моторикасын дамыту. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тәрбиелеу.	1
6	«Тез есепте!»	0- ден 10- ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру	1
7	«Кеңістіктегі заттарды орналастыру».	Балаларға кеңістіктегі заттарды орналастыру туралы мағлұмат беру. Заттардың орнын ажырата білуге дағдыландыру Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу	1
8	«Көңілді санамақтар»	Жылдам санау дағдыларын ұштау	1
9	«Кеңістікті бағдарлау»	Балаларға жоғары, төмен, алыс, жақын, оң жақ, сол жақ, алдында, артында ұғымдары жайлы білім беру. Өз айналасын бағдарлай білуге дағдыландыру. Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1

10	«Ойлан, тап»	Заттардағы айырмашылықты аңғаруға білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. Тапсырманы зейін қойып орындай білуге тәрбиелеу.	1
11	«Сиқырлы қоржын»(Ойын)	Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру.	1
12	«Қызықты текше»	Сандардың ретін меңгерту.	1
13	«Заттардың арасындағы айырмашылығын анықтау».	Заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Белгілерді үлгі бойынша үйрету. Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1
14	«Сәулетші» ойыны	Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру.	1
15	«Жануарлардың орнын анықтау»	Жасырын тұрған жануарларды табу. Мағанасына қарай сөздерді табу. Тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1
16	«Біз нешеуіміз?»	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту	1
17	«Зейін қою»	Бала бойында зейін қабілеттерін қалыптастыру. Ортақ белгілерді таба білуге дағдыландыру. Шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
18	«Суретпен жұмыс»	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу.	1
19	«Таныс фигураларды ата»	Балалардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1
20	«Ойлан, тап»	Заттардағы айырмашылықты аңғаруға білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. Тапсырманы зейін қойып орындай білуге тәрбиелеу.	1
21	«Көңілді санамақтар»	Жылдам санау дағдыларын ұштау.	1
22	«Жылдам ойлан!»	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге дағдыландыру.	1
23	«Тапқышбектің тапсырмасын орындайық»	Берілген тапсырманы толық орындату. Сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. Тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1

24	«Бүтін және бөлік»	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру.	1
25	«Заттардың орналасуы»	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру.	1
26	«Бағыттарды ажырату, оң мен солды айыру».	Бағыттарды ажырата білуге үйрету, оң мен солды айыруға үйрету.Бой ерекшелерін салыстыру.Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.	1
27	«Сәйкестікті ажырата білу»	Өз жұмысын түсіндіре отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.Сұрақтарға ойланып жауап бере білуге дағдыландыру.Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.	1
28	«Артық затты анықта»	Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1
29	«Оң мен солды ажырату».	Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1
30	«Ойын «Кім тапқыр?»»	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу	1
31	«Заттардың ұқсастығын табу».	Заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету.Қолдарының моторикасын дамыту.Достық сезімге тәрбиелеу.	1
32	«10-ға дейінгі сандарды санауға үйрету». «Сандардың орнын тап» ойын.	10-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша санауға дағдыландыру.	1
33	«Бастаған жұмысты аяқта»	Жұмысты аяқсыз қалдырмауға үйрету.	1
34	«Ойнай отырып, ойла»	Көзбен көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.	1
35	«Жолды анықта. Құрлыс ретін көрсету».	Жұмысты тиянақты орындау білуге үйрету.Өз жұмысын бағалау.Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.	1
36	«Математикалық эстафета»	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту.	1
Барлығы			36

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Отбасы мүшелерін ата»

Мақсаты: Отбасы мүшелерін атап, оларды ажырата білуге үйрету.

2. Әке мен ананың, қыз бен ұлдың заттарын ойша ажырата отырып сызықтармен қоса білуге дағдаландыру.

3. Өз отбасына сүйіспеншілікпен қарауға, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.

Балалар мұқият тыңдаймыз

-Менің атым _____

- Менің тегім _____

- Мен _____ жастамын деген сауалдарға жауап береміз. Сонымен қатар біз өз-өзімізге баға бере білуге үйренеміз.

-Балалар сендер білесіңдер ме, отбасы деген не?

-Ендеше суреттегі атай мен әжейді, әке мен шешені, балалар мен қонақтарды көрсетейікші.

Бәрекелді өте жақсы.

Сендердің ойларыңша ер бала мен қыз баланың, әке мен ананың заттары бірдей ме?

Әрине әртүрлі екен. Ендеше келесі суретке назар аударайық. Н Бізге әке мен ананың заттарын ажырату керек. Ол үшін әкенің заттар көк түспен, ал ананың заттарын қызыл түспен дөңгелектеп сызу керек. Тапсырманың түсіндік пе?

Ендеше жұмысты бастайық.

Дидактикалық ойын: «Қай зат кімдікі?»

Балаларға ойын шарты түсіндіріледі. Анасының (қыз) заттарын атағанда балалар қолдарын жоғары көтеру керек, ал әкесінің (ұл) заттарын атағанда қолдарын шапалақтау керек.

Балалар сонымен Ойнада, ойла сабағы сендерге ұнады ма?

Кітаптағы суреттер сендерге ұнады ма? Өз-өзіңді қалай бағаладыңдар?

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Суретпен жұмыс»

Мақсаты:Геометриялық фигураларды танып білу дағдыларын қалыптастыру.

Ойлау қабілеттерін дамыта отырып,ұқыптылыққа,шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдыр:геометриялық фигуралардың кескіндері,түрлі суреттер.

Балалар жылулық шеңберіне жиналады.Бір-бірлеріне әдемі тілектерін жеткізе отырып,күлкі сыйлайды.

Балалар қазір бізде қай мезгіл? Балалар назарымызды аударайық.Тақтада жыл мезгілдерінің суреттері.

Төрт мезгілдің ерекшеліктерін атап өтеміз.Тақтада нелер ілініп тұр. Әр мезгілдің өз ерекшеліктері болады. Балаларға –кішкентай,түсі алдында – артында, арасында

сөздерді пайдаланып,суреттегі әр заттарды сипаттап беруді ұсынады.Топтағы барлық балалармен осылай жұмыс жасалады.Бірнеше балаларды тақтаға шығарып,оларды бірінің артынан қатарластырып қояды.Қалған балалар олардың белгілерінатап көрсетеді.Үлкен кіші киімінің орналасқан жері.Тапсырманы ауызша орындауды немесе үлкен заттарға қандай шелек берілетінін,оның түсі қандай болуы керектігін анықтап сурет арқылы көрсетуге болады.Тақырыпты қорытындылау және балаларды тапсырмаларды ықыласпен орындағаны үшін мадақтайды.Балалардың тақырыпты түсінгенін тексеру үшін тапсырманы өз беттерінше орындауға беріледі.үлкен заттарды бір түспен,кішкентайын басқа түспен бояу керек.содан соң олардың қағаз бетінде орналасқан орнын сипаттап беру қажет.

Қорытындылау

Балалардың алған білімдерін қайталай отырып, мақтап мадақтау

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: Суретпен жұмыс»

Мақсаты:Геометриялық фигураларды танып білу дағдыларын қалыптастыру.

2. Сурет бойынша суретшінің шатастырған қателіктерін таба білуге дағдыландыру.

3. өз—өздеріне дұрыс баға бере білуге тәрбиелеу.

Кел балалар тұрындар

Үлкен шеңбер құрындар.

Қолды белге қойындар

Онға қарай бұрылып,

Солға қарай бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,

Тынығып бір қалындар.

Балалар сендерге суреттен бесінші артық затты тауып, ал қалған заттарды бір сөзбен атау керек. Мысалы бірінші суретте кілт артық, ал қалған заттарды бір сөзбен ыдыс-аяқ деп атаймыз. Артық затты дөңгелектейміз. Келесі тапсырмада доптарды түрлі тәсілмен орналастыру қажет. Түрлі –түсті қарындаштармен бояу арқылы орналастырамыз. Тапсырманы түсіндік пе? Ендеше жұмысты бастайық.

Келесі бетті ашайық. Бұл суретте суретші нені шатастырған? Кім айтады?

Ормандағы аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп-теріп алайық

Қалтамызға салайық

Келесі тапсырмаңа назар аударайық. Суреттерді түрлі тәсілдермен орналастырамыз. Бірінші қатарда үй, балық, гүл тұрса, келесі қатарға балық..... жене нелерді орналастыруға болады?

Балалар сонымен бірдей заттарды бір сөзбен қалай атауға болатынын білесіңдер ме?

Бүгін барлығың өте белсене қатыстындар. Сендерге көп рахмет.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Заттарды тура және кері санау»

Мақсаты: Заттардың кеңістікте орналасуы жайлы түсініктерін қалыптастыру. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа ептілікке тәрбиелеу. Талдау және салыстыра алу қабілетін арттыру. Реттілікті сақтай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдыр: Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер

Балаларға пойызға мініп, саяхатқа аттануды ұсынады. паровозға 5 вагон тіркейді. Балалардан тек қана вагондарды санап шығуды сұрайды. Паровозды «қосымша жолға» шығарып қояды. Вагондарды нөмірлеуді өтінеді. Вагондар санын ауыстырып, балалармен бірге солдан оңға кері санайды.

Бірінші, соңғы, ортадағы, екінші және үшінші вагондардың ортасында деген сөздерді қолданады. Балаларға «Жасырынбақ» ойынын ойнау туралы ұсыныс жасайды: Тышқан (немесе басқа кез келген кейіпкер) қай вагонға жасырынды?

Ойынның шарты: Балалардың бәрі көзін жұмады, жүргізуші тышқанды вагонға жасырады. Содан соң вагонның нөмірін айтпай, оны сөзбен сипаттап беруге тырысады. Басқа балалар сипаттама бойынша жауабын табады. Мысалы: ол екінші мен төртінші вагонның ортасында. Ол бесінші вагон мен үшінші вагонның ортасында немесе ол қызыл емес және үшінші тұрған жоқ және т.б.

Ойынға арналған текшелер, цифрлар және сандық суреттермен жұмыс істегенде әртүрлі нұсқаларды пайдалануға болады. Педагог цифрды, нүктеден тұратын сан үлгісін немесе заттың санын көрсетеді. Ал балалар соған сәйкес келетін карточканы табады. Жұмысты жұппен орындауға болады. Балалардың бірі санды, екіншісі үлгіні немесе санды карточканы алады. Домино ойынындағы сияқты қимылдайды.

Қорытындылау

1-ден 5-ке дейінгі сандарды қатарластырып қояды және балалардан оларды тура және кері қарай хормен санауларын сұрайды. Сөйтіп, олардың санауды қалай меңгергенін тексереді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндерді ажырату, кеңістіктен таба білу»

Мақсаты: 1. Балаларға геометриялық пішіндер жайлы білім беру.

2. Қолдарының моторикасын дамыту.

3. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Әліппе дәптер, геометриялық пішіндердің суреті.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Күлімдеп күн маған да қарады

Күлімдеп күн саған да қарады.

Қарйырлы таң, Қайырлы күн!

Балалар сендер қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?

Ал тағы қандай геометриялық пішіндер бар?

Балалар геометриялық пішіндердің үшбұрыш, төртбұрыш дөңгелек аталу себебі неде? Қалай ойлайсыңдар?

Кім айтады неліктен үшбұрыш деп атаймыз?

Дұрыс үшбұрыштың үш бұрышы бар, және осы нүктелерді қосатын үш кесінді бар.

Ал, төртбұрыш неліктен төртбұрыш деп аталады?

Әрине төртбұрыштың төрт нүктесі және осы нүктелерді қосатын төрт кесіндіден тұрады. Балалар енді сәл тынығып алайық.

Сергіту сәті:

Жел соғады,

Ағаштар қозғалады.

Жаңбыр жауады,

Балалар тығылады.

Енді балалар әліппе дәптерге назар аударайық. Бізге мынандай тапсырма

берілген пішіндерді атап, біркелкі пішіндерді санау. Қандай пішіндер көріп тұрсыңдар.

Балалар сонымен біз қандай сабақ өттік? Қанай геометриялық пішіндер бар?

Сендерге сабақ ұнады ма?

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Тез есепте!»

Мақсаты: цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; сандық және реттік санау дағдысын жетілдіру; белгісіз санды табу және бейнелеуді үйрету;

ә) балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту;

б) үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші кез келген ойын ұйымдастырады. Мысалы: оқу қызметіне ертегінің тоғыз кейіпкерін шақырады. 8 түрлі кейіпкерді қатарластырып қойып шығады және балаларға санатады. Содан соң біздің сабағымызға қатысу үшін тағы бір кейіпкер жүгіріп келе жатқанын айтады. Сонда ертегі кейіпкері нешеу болды? 9 қайдан пайда болды?

Тәрбиеші балаларға 9-8 саны және цифры туралы тапқақ оқып береді.

Акробат қыз мықты

Сахнаға шықты.

Бүктеліп белі қайысты

«9» болып майысты.

Санды ауаға, содан соң аяғымыздың ұшымен еденге жазамыз. Енді қарындашымызды алып, оны қағазға бастырып жазуды жалғастырамыз: алдымен дөңгелек сызықты жоғарыдан төмен қарай сызамыз, содан соң дөңгелек сызықты жоғарыға жеткізіп, қайтадан төмен түсіп, сызықты солға қарай бұрамыз. Тәрбиеші 1-ден 9-ға дейінгі заттың суреті салынған кез келген карточканы көрсетеді және балалардан текшенің соған сәйкес келетін жағы мен цифрды көрсетулерін сұрайды.

1-ден 9-ға, 9-дан 1-ге дейін тура және кері санауды ұсынады.

Топ деңгейіне қарай нәтижесі 9 болатын мысалдар құрастыруға болады.

1-ден 9-ға дейінгі сандар қатарын қаншалықты меңгергенін тексеру үшін №3 тапсырманы орындайды. Тәрбиеші моншақтарды сандар реті бойынша тізбектеп қосуды тапсырады. «Алдыңғы сан», «кейінгі сан» немесе «алдында», «артында», «арасында» деген сөздерді пайдалана отырып, тапсырманы қиындатуға болады.

Қорытынды

Тәрбиеші сандар қатарының ретін қалай меңгергендерін тексеру үшін, өз беттерінше орындауды ұсынады.

Қорытындысын шығарады.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Сиқырлы қоржын»

Мақсаты: Балаларға өз еркімен атқаратын тапсырма беріп, өткен сабақтарда танысқан сандарға талдау жасату.

Құрамын анықтап, сандарға байланысты алған білім деңгейін бақылау. Ақыл-ой белсенділігін күшейту, шапшаңдыққа, дәлдікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдыр: Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер

"Кершісін тап", "Қай сан жоқ?" "Жарыс", "Кім шапшаң?" сияқты ойындар ойнатып өтілген оқу қызметіндегі сандарды еске түсіріп балалардың белсенді қызығушылығын дамытып, берілген білімді меңгерту.

Суреттегі дөңгелектерді түстеріне қарай сұрыптап, есептер құрастыру. Олардың нәтижелерін шығарып, торкөздерді толтыру. Балалар өз еркімен жұмыс атқарады. Балалардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау. Келесі тапсырма үйдің қабырғасында көрсетілген. Өрнектің мәні үйдің шатырында берілген. Мәні шатырда көрсетілген санмен сәйкес келмеген санды, өрнекті суреттегідей дөңгелектеп қою керек. Келесі тапсырма суреттің қатесін табу.

Бұлжытпас, раушан гүлін шелектегі суға салу үшін кедергілерден қалай жүріп етеді? Неше қадам жол жүреді? Тәрбиеші-педагог балаларды шабыттандыратын, ықласын оятатын тапсырмалар беріп, сабақты өрбітіп, түрлендіруіне әбден болады.

Тақтада тапсырмаларды орындау. Толықтыруға берілген тапсырмада ортада жазылған санның берілген санға қандай санды қосқанда шығатынын анықтап, кескін сандар арқылы жұмыс жасау. Жұмыс барысында Тапқышбек, қадағалап тұрғанын балаларға ескерту.

Қорытындылау

Балалардың алғырлығы мен шапшаңдығын бағалай отырып, оқу қызметін аяқтау, балалардың үйренгендерін қайталап сұрау

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Кеңістіктегі заттарды орналастыру»

Мақсаты: 1. Балаларға кеңістіктегі заттарды орналастыру туралы мағұлмат беру.

2. Заттардың орнын ажырата білуге дағдыландыру

3. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу

Балалар сендер суретте не көріп тұрсыңдар?

Суреттегі қызға ат қойыңдар.

Сәуленің қандай ойыншықтары бар? Аттарын атайықшы.

Ойыншықтар қайда жасырылған?

Санамақ

Бір үйде біздер нешеуіміз?

Кел санайық екеуіміз,

Бас бармағым –атам.

Шылдыр шүмек –мен

Титтей бөбек-сен

Бір үйде нешеуіміз?

Бір үйде біздер бесеуіміз.

Суретгі аяқта.

Балал, бала, балапан

Қане қайсы алақан?

саусақтары әйбат

Былай –былай ойнап.

Жас дарын 12 бет

Алпамыс суреттің қай жағында тұр? Партаның үстінде дәптердің суретін салыңдар, партаның астына сөмкенің суретін салыңдар, партаның алдына доптың суретін салыңдар.

Балалар Айнұр өз ойыншықтарын жоғалтып тұр еді, біз оған көмектестік.

Ендеше біз оған қандай жақсылық жасадық? Сендерге көп рахмет

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Көңілді санамақтар»

Мақсаты: цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету; заттарды санауға машықтандыру; цифрларды тану және бейнелеуге үйрету. Балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту. Этикалық тәрбие беру.

Көрнекі құралдыр: Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер, сандар
Балалардың есте сақтау қабілетін дамытып, логикалық ойлау қабілетін нығайтатын тапсырма береді.

- Төрт топтағы суреттің әрқайсысында артық зар бар. Соны табыңдар. Ол не үшін артық? Түсіндіріп беріңдер.

Санап шық. Топтардың әрқайсысында қанша зат қалды?

балықтарды санаймыз. Балықтардың санын қанша шығады сонша цифрымен белгілейміз. Суреттегі заттарды санаймыз сол шыққан санды ауаға жазамыз. Содан соң аяғымыздың ұшымен еденге саламыз. Енді қарындашты алып, қағаздағы санды салып шығамыз. Цифр, сан және нүктемен берілген сан үлгісін суретпен сәйкестендіру қажет. Бұл сабақта жазба үлгіден жасалған текшемен жұмыс істеуді бастаймыз. Балаларға зейінін, есте сақтау және логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырма беріледі. Артық затты табыңдар. Оның не үшін артық болып тұрғанын түсіндіріңдер.

суреттегі құстарды санаймыз. Санды цифрмен белгілейік.

Суреттегі заттың санын табу. Тәрбиеші 1-4 зат салынған кез келген суретті көрсетеді және балалардан текшенің соған сәйкес келетін жағы мен карточкадағы цифрды көрсетулерін сұрайды.

Содан соң тапсырманы орындауға береді. Бұл тапсырма алдыңғы оқу қызметінен жақсы таныс. Тәрбиеші балалардан тапсырманы түсіндіріп берулерін сұрайды. Балалар өздері ұнататын түстерді таңдап, тапсырманы орындайды.

Қорытындылау

белсенділік танытқаны үшін балаларға алғыс айтады. Оқу қызметін қаншалықты меңгергенін пысықтау үшін ауызша тапсырма беріліп балаларды мадақтайды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Кеңістікті бағдарлау»

Мақсаты: 1. Балаларға жоғары, төмен, алыс, жақын, оң жақ, сол жақ, алдында, артында ұғымдары жайлы білім беру.

2. Өз айналасын бағдарлай білуге дағдыландыру.

3. Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиінақты орындай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: кеңістік ұғымларына байланысты суреттер.

Тәрбиеші балаларға

Алақанды соғайық

Оң жақтағы балаға

Сол жақтағы балаға

Шапалақта, шапалақ

Жоғары төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Балалар, біз қандай кеңістік ұғымдарын білеміз?

Қане барлығымыз оң қолымызды жоғары көтерейікші.

Енді сол жоғары көтереміз.

Балалар енді оң жақ аяғымызды жоғары көтереміз.

Ал енді сол жақ аяғымызды жоғары көтерейік

Біз оң, сол, жоғары, төмен ұғымдарын бұрыннан жақсы білеміз, енді алдымызда, артымызда тұрған заттарды атайықшы.

Балалар сұраққа жауап қайтарғаннан кейін: Балалар мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр атты «Қай зат қалай орналасқан?». Мысалы, мен кілем десем сендер төменде, ал мен төбе десем жоғары деп жауап қайтаруларың керек, ойын ойнау барысында әрбір бала 1-2заттың атын атайды, ал қалған балалар заттың қайда орналасқанын айтады.

Бәрекелді сендер ойынға өте белсене қатыстыңдар, енді әліппе дәптерге назар аударайық.

Шыныаяқ сатпаяяқтан жоғары, бірақ құмырадан төмен орналасқан суретті көрсет.

Көжектің қай суретте доптан алыс, машинаға жақын тұрғанын көрсет.

жетпей тұрған пішінді сал.

Сергіту сәті: «Доп-доп»

Арманның оң және сол жағына, алды мен артына орналасқан ойыншықты ата.

Төменгі қатарға доп балықтың сол жағында, ал желкеннің он жағында болатындай етіп орналастыр.

Балаларға әр тапсырманың мазмұнын түсіндіріп, мұқият қадағалау. Жұмыс барысында тиянақты болуларын ескерту.

Балалар сонымен қандай кеңістік ұғымдарын білесіңдер?

Сендерге ойын ұнады ма?

Сабакқа өте белсене қатысқандарын үшін рахмет.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Ойлан, тап»

Мақсаты: 1. Заттардағы айырмашылықты аңғаруға білуге үйрету.

2. Ойлау қабілеттерін арттыру.

3. Тапсырманы зейін қойып орындай білуге тәрбиелеу.

Допты мұғалім бір оқушыға береді «Сен әдемісің» дейді, ал келесі бала сен сұлусың, көріктісің т.б. лебіздерді айтады.

Бет орамалға лайықты жауапты тап.

Суретте не жетімпейді? Ойлан тап және суретті аяқта.

өз-өздеріне баға беру.

Сергіту сәті:

Бірім....

Екім...

Тығыл-тығыл...

Бекін-бекін..

Мен санайын

Сен бол дайын.

Сары шымшық,

Сен тұр, сен шық!

Мұнда қайсысы артық? Қалғандарын бір сөзбен қалай айтуға болады?

Шардың суретін шеңбердің ішінде, бірақ шаршыдан тыс болатындай етіп жерге сал, алманың суретін шеңбер мен шаршының іштеріне, ал қиярдың суретін шаршының ішіне сал.

Орамалға жамауды қалай таптыңдар?

Фигураларды орналастыру сендерге қиын болды ма? Белсене қатысқандарыңа рахмет.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Қызықты текше»

Мақсаты: Үшбұрыш, шаршы, текше, дөңгелек ұғымдарын тереңдету.

Айналаны қоршаған ортада оларға ұқсас заттар көп екеніне балалардың көңілін аудару. Жасалу жолдары мен құрылысына мән беріп, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырату.

Көрнекі құралдыр: Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер.

Бұл геометриялық фигуралар балаларға бұрыннан таныс. Мұнда олардың айнала дүниеде қолданысы салыстырмалы түрде түсіндіріледі. Әңгіме "Көшеде жүру ережесі" туралы болады. Көше қиылыстарында жолаушылар мен көліктердің жүрісін реттеп тұратын бағдаршам. Олардың үш көзі бар (қызыл, сары, жасыл). Көздері неге ұқсас? (Дөңгелекке). Әр көзінің өз сыры түсіндіріледі. Жол бойында "Жол белгілері" дөңгелектің ішінде көрсетілген. Әр белгінің мәні ашылады. Сондай-ақ, балалардың өздері ойнайтын қарапайым доптар, спорттық ойындарға арналған волейбол, футбол, баскетбол доптары, шарлар, олардың түрлері т.б. Бірінші шеңбер сызамыз. Сол шеңбердің ішкі бөлігін қиып аламыз. Екінші суреттегі дөңгелек. Балалар трафаретті пайдаланып шеңбер сызып, оның ішкі бөлігін бояйды. Үйлердің суретінен үшбұрыштарды табады. "Жол белгілері", олардың мәнін ұғындыру. Берілген үйшіктерге ұқсас жапсырма жұмыстарын жүргізу. Үшбұрыштың қабырғалары үш кесіндіден тұрады. Үшбұрыш — тұйықталған сынық сызық. Ол: сүйір бұрышты, тік бұрышты, доғал бұрышты үшбұрыштар болып бөлінеді. Тапсырмада берілген құрастыру жұмыстары жүргізіледі. Үйшіктерден шаршыны тапқызу. Текшенің әрбір қабырғасы өзара 4 кесіндіден тұрады. Текшенің беттері шаршылардан тұрады. Текшенің неше беті бар екенін өздері табады. (Сурет бойынша). Текшені жазғанда практикалық жұмыс кезінде көз жеткізуге болады. Жазылған текшені қайта жинастыруға тапсырма беріледі. Сонымен, дөңгелек — тұйықталған қисық сызықпен шектелетін фигура. Шаршы — тұйықталған төрт бірдей сынық сызықпен шектелетін фигура. Текше — өзара тең алты текшеден тұратын дене.

Қорытындылау Қай геометриялық фигура өз орнында тұрған жоқ. Адаққан геометриялық фигураны табу.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Заттардың арасындағы айырмашылығын анықтау»

Мақсаты: 1. Заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету.

2. Белгілерді үлгі бойынша үйрету

3. Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.

Оң қолымда білезік,

Сол қолымда білезік

Саусақтарда сақина,

Қане санап көрсетші.

Балалар біз қуыршақ Айсұлуға киімдер мен аяқкиімдерді реттеуге көмектесеміз. Киімдер мен аяқкиімдер арасын сызықтармен қос.

Белгілерді пішіндерге үлгі бойынша орналастыр.

Сергіту сәті:

Қалам

Бар әдемі қаламым,

Соны қолға аламын.

Жазуды да жазамын,

Суретті де саламын.

Есебімді ұнаған

Отыра қарап шығарам.

Қарсы мәндес сөздерді тап.

Алдарында _____

Оңға _____

Жоғары _____

Алыс _____

Биік _____

Екі үйді мұқият қара. Өзара 10 айырмашылығын тап.

Заңдылығын тауып, қатарды жалғастын.

Балалар, бүгін сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. Сонымен қандай тапсырмалар сендерге қиын болды?Өте белсене қатысқандарың үшін рахмет.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Сәулетші ойыны»

Мақсаты: Балалардың бұрыш туралы білімін қалыптастыру. Бұрыштың түрлерімен, құрылымымен, сүйір, доғал, тік бұрыштардың пайда болу жолдарымен таныстыру. Тік төртбұрыш туралы түсініктерін дамыту

Көрнекі құралдыр: Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер.

Балалардың назарын геометриялық пішіндерге аударып, оқу қызметін бастайды. Қарындаш тапсырмасын орындап, тік бұрыштан басқа да бұрыштардың (сүйір, доғал) болатынын балалардың өздері табады. Бұрыштық сызғыш көмегімен пішіндердің бұрышын өлшеу жұмысы жүргізіледі.

Төртбұрыштың төрт бұрышын өлшейді, төртеуі де тік екендігін көреді. Келесі геометриялық фигураның бұрыштары өлшенеді. Бұл геометриялық фигуралардың барлық бұрышы тік. Төрт бұрышы тік болатын төртбұрышты "тік төртбұрыш", — деп атаймыз. Тапсырмадағы геометриялық фигуралардың бұрыштарын өлшеу, салыстыру арқылы тік төртбұрыштарды тауып, шаршының да тік төртбұрыш екендігін балалар өздері тужырымдайды. Тік төртбұрыштың қабырғаларын шаршымен салыстырады. Шаршының барлық бұрыштары тік, қабырғаларының ұзындығы бірдей. Ал тік төртбұрыштың карама-қарсы қабырғалары тең болатынын балалардың өздері анықтайды. Тапқышбек тапсырмасындағы тік төртбұрыштарды балалар дұрыс атап, Қарындаш тапсырмасы бойынша тік төртбұрыштың көшірмесін салады. Бұрыш ұғымын түсінген бала айналасындағы көрген заттардың бұрыштарын салыстыра бастайды. Олардың әр түрлі екендігін байқап, суреттегі үйдің терезе, есіктерінің бұрыштарын табады. Қағазды теңдей төрт бүктеп, бұрыш шығарады. Бұл — тік бұрыш. Тәрбиеші тік бұрышты бұрыштық сызғышпен өлшейік, — деп сызғышпен қалай өлшейтінін көрсетеді. Оқулық дәптердегі суреттен бұрыштардың ішінен тік бұрышты табу керек.

Қорытындылау

Тапқышбек тапсырмасындағы тік төртбұрыштарды балалар дұрыс атап, сәулетші тапсырмасы бойынша тік төртбұрыштың көшірмесімен түрлі заттар құрастыруды үйренді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Жануарлардың орнын анықтау»

Мақсаты: 1. Жасырын тұрған жануарларды табу.

2. Мағанасына қарай сөздерді табу

3. Тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: әліппе дәптер, жануарлардың суреттері.

Сөздік жұмысы: баспана, керік, киіктің лағы, тасбақа, ұлу.

Билингвальный компонент: керік-жираф, тасбақа-черепаха, ұлу-улитка.

Шаттық шеңбер:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Күлімдеп күн маған да қарады

Күлімдеп күн саған да қарады.

Қарйырлы таң, Қайырлы күн!

Балалар, қазір бізде Ойнада, ойла сабағы.

Төмендегі сөздерге мағанасы қарсы сөздеріді тап.

Ақ _____

Жақын _____

Төмен _____

Биік _____

Жалпақ _____

Жақсылық _____

Қайғы _____

Көп _____

Жаз _____

Семіз

Жасырын жануарларды тауып боя.

Сергіту сәті:

Биыл және өзі туады.

Тағы екі қозы туды

Қос қозысы былтын туған

Сонда бәрі неше деш

Жүйріктерің есептеші.

әр қатарда жетпей тұрған пішінді сал.

Балалар, бүгін сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. Сонымен қатар сендерге тапсырмалар қиын болды ам?Белсене қатысқандарың үшін рахмет!

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Зейін қою»

Мақсаты: 1. Бала бойында зейін қабілеттерін дамытып бекіту.

2. Ортақ белгілерді таба білуге дағдыландыру.

3. Шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: зейінге арналған суреттер.

Сөздік жұмысы: мысық, үйлер, тышқан, терезе, бас киім, қолғап.

Оң қолымда білезік,

Сол қолымда білезік

Саусақтарда сақина,

Қане санап көрсетші.

Балаларға жұмбақ жасыру.

Пеш түбінде отыр

Екі көзін қысып отыр

.....етін жегісі келіп

Тісі оның қышып отыр.

Мысықтарға құлақтарын, үйлерге терезе, тышқандарға құйрықт салып суреттерді толықтыр.

Суреттен ненің белгісін көріп тұрсыңдар? Қолғаптар мен баскиімдердің ортақ белгілерін тауып, сызықпен қосыңдар.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар

алдымнан жел еседі.

Кіп- кішкендай ағаштар

үп -үлкен боп өседі.

Тізбек түстерінің ауысу ретін сақтап бояп шық

жас дарындар 16-17бет

Бақылай білу және бақылағаны бойынша көрген заттары туралы айтып беру, әр қатарда белгіленген заттардың ішінен бір-біріне ұқсайтын екі затты х белгісімен белгілеңіз. Ол заттың неліктен басқаларына ұқсамайтынын айтып беріңіз.

Бейнеленген нәрсенің бәрін тауып ата. Осы нәрселерді топтап қалай атауға болады? Дөңгелектерді қызыл, үшбұрыштарды сары, шаршыларды жасыл жасыл түске боя. Балалар сонымен біз тышқан мен мысықтың, үйдің қандай бөліктерін салып, қолғап пен құлақшындардың ортақ белгілерін таба алдық па?

Түстерді ажырата аламыз ба?

Бүгінгі сабаққа белсенді қатысқандарың үшін рахмет.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Суретпен жұмыс»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып білу дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыта отырып, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдыр: геометриялық фигуралардың кескіндері, түрлі суреттер
Балалар жылулық шеңберіне жиналады. Бір-бірлеріне әдемі тілектерін жеткізе отырып, күлкі сыйлайды.

Балалар қазір бізде қай мезгіл? Балалар назарымызды

тақтаға аудара йық. Тақтада жыл мезгілдерінің суреттері.

Төрт мезгілдің ерекшеліктерін атап өтеміз. Тақтада нелер ілініп тұр. Әр мезгілдің өз ерекшеліктері болады. Балаларға – кішкентай, түсі алдында – артында, арасында

сөздерді пайдаланып, суреттегі әр заттарды сипаттап беруді ұсынады. Топтағы барлық балалармен осылай жұмыс жасалады. Бірнеше балаларды тақтаға шығарып, оларды бірінің артынан қатарластырып қояды. Қалған балалар олардың белгілерін атап көрсетеді. Үлкен кіші киімінің орналасқан жері. Тапсырманы ауызша орындауды немесе үлкен заттарға қандай шелек берілетінін, оның түсі қандай болуы керектігін анықтап сурет арқылы көрсетуге болады. Тақырыпты қорытындылау және балаларды тапсырмаларды ықыласпен орындағаны үшін мадақтайды. Балалардың тақырыпты түсінгенін тексеру үшін тапсырманы өз беттерінше орындауға беріледі. Үлкен заттарды бір түспен, кішкентайын басқа түспен бояу керек. Содан соң олардың қағаз бетінде орналасқан орнын сипаттап беру қажет.

Қорытындылау

Балалардың алған білімдерін қайталай отырып, мақтап мадақтау

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Таныс фигураларды ата»

Мақсаты: Балалардың бұрыш туралы білімін қалыптастыру. Бұрыштың түрлерімен, құрылымымен, сүйір, доғал, тік бұрыштардың пайда болу жолдарымен таныстыру. Тік төртбұрыш туралы түсініктерін дамыту

Көрнекі құралдыр: Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер

Тәрбиеші топтағы заттардың бұрыштарын көрсетіп, "Мынау не?" деген сұрақтар арқылы балалардың түсініктерін байқайды. Бұрыштар үнемі қиып көрсетілмейді. Түзудің бойынан бір нүкте белгілеп, сол жерден сындыру, қағазды бүктеу арқылы жасалатынын түсіндіреді. Бұрыштың төбесі және екі қабырғасы болады (оқулық дәптерді пайдалан). Геометриялық фигуралардың бұрыштарын санап неше бұрышы бар екендігін анықтайды. Тапқышбек тапсырмасында баспалдақтың бұрышының шамасы оның биіктігіне байланысты. Баспалдақ неғұрлым биік болса, бұрышы да соғұрлым үлкен, керісінше баспалдақ аласа болса, бұрышы соғұрлым кіші болатынын түсіндіреді. Балалар Қарындаш тапсырмасын тиянақты орындап, бұрышты бояйды. Тік бұрыш

бастайды. Олардың әр түрлі екендігін байқап, суреттегі үйдің терезе, есіктерінің бұрыштарын табады.

Бұрыш ұғымын түсінген бала айналасындағы көрген заттардың бұрыштарын салыстыра Қағазды теңдей төрт бүктеп, бұрыш шығарады. Бұл — тік бұрыш. Тәрбиеші тік бұрыш деп көрсетеді. Сондай-ақ, сынық мүйіз оюының бұрыштары тік болады. Геометриялық фигуралардың тік бұрыштарын табу. Қарындаш тапсырмасын орындап, тік бұрыштан басқа да бұрыштардың (сүйір, доғал) болатынын балалардың өздері табады.

Қорытындылау

Тапқышбек тапсырмасындағы тік төртбұрыштарды балалар дұрыс атап, Қарындаш тапсырмасы бойынша тік төртбұрыштың көшірмесін салады.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Ойлан, тап»

Мақсаты: 1. Құстар мен жануарларды ажырата білу.

2. Заттардың орнын ажырата білуге үйрету

3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттеер, түрлі түсті қарындаштар.

Балалар суретке назар аударамыз

Балалар сендер суреттен не көріп тұрсыңдар?

Қаз, үйрек, тауық

Тағы кімді көріп тұрсыңдар?

Суретші нені шатастырған?

Қаздың балапандарын, т.б.

Ендеше оларды орнына қоюға көмектесеміз.

Сөйлемді толықтыр

Тауықтың балапаны

Үйректің.....

Қаздың.....

Көгершіннің.....

Күркетауықтың.....

Ешкінің.....

Қойдың.....

Сиырдың.....

Жылқының.....

Түйенің.....

Сергіту сәті

Бір, екі, үш

Бойға жинап күш

Азырақ дем алайық

Сосын қайта жазайық

Қайсысы артық? Қалғандарын бір сөзбен айтуға болады?

Бос торкөздерді сәйкес пішіндермен толтыр.

Балалар сендер сабаққа жақсы қатыстыңдар

Қандай тапсырмалар сендерге қиын болды?

Бүгін өте белсене қатысқандарың үшін рахмет.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Көңілді санамақтар»

Мақсаты: цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету; заттарды санауға машықтандыру; цифрларды тану және бейнелеуге үйрету. Балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту. Этикалық тәрбие беру.

Көрнекі құралдыр: Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер, сандар Балалардың есте сақтау қабілетін дамытып, логикалық ойлау қабілетін нығайтатын тапсырма береді.

- Төрт топтағы суреттің әрқайсысында артық зар бар. Соны табыңдар. Ол не үшін артық? Түсіндіріп беріңдер.

Санап шық. Топтардың әрқайсысында қанша зат қалды?

балықтарды санаймыз. Балықтардың санын қанша шығады сонша цифрымен белгілейміз. Суреттегі заттарды санаймыз сол шыққан санды ауаға жазамыз. Содан соң аяғымыздың ұшымен еденге саламыз. Енді қарындашты алып, қағаздағы санды салып шығамыз. Цифр, сан және нүктемен берілген сан үлгісін суретпен сәйкестендіру қажет. Бұл сабақта жазба үлгіден жасалған текшемен жұмыс істеуді бастаймыз. Балаларға зейінін, есте сақтау және логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырма беріледі. Артық затты табыңдар. Оның не үшін артық болып тұрғанын түсіндіріңдер.

суреттегі құстарды санаймыз. Санды цифрмен белгілейік.

Суреттегі заттың санын табу. Тәрбиеші 1-4 зат салынған кез келген суретті көрсетеді және балалардан текшенің соған сәйкес келетін жағы мен карточкадағы цифрды көрсетулерін сұрайды.

Содан соң тапсырманы орындауға береді. Бұл тапсырма алдыңғы оқу қызметінен жақсы таныс. Тәрбиеші балалардан тапсырманы түсіндіріп берулерін сұрайды. Балалар өздері ұнататын түстерді таңдап, тапсырманы орындайды.

Қорытындылау

белсенділік танытқаны үшін балаларға алғыс айтады. Оқу қызметін қаншалықты меңгергенін пысықтау үшін ауызша тапсырма беріліп балаларды мадақтайды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Жылдам ойлан»

Мақсаты: азайту амалының мәнін түсіндіру; «азайту» таңбасын қолданысқа енгізу; азайту амалдарын құрастырып, жазуды үйрету; алғашқы бестіктегі сандардың номерациясын пысықтау;

балалардың зейінін, кеңістікте ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілетін дамыту; тәртіпке, реттілікке үйрету.

Көрнекі құралдыр: Түрлі пішіндер кескіндері, түрлі суреттер, сандар

Балалардың назарын тақтаға аударып, ондағы суреттерді салыстыруды ұсынады. Олардың бір-біріне ұқсастығы мен айырмашылығын табу ұсынылады. Балалардан олардың әрқайсысының астына санды карточкаларды қойып шығуларын сұрайды. Балалармен бірге тура және кері санайды. Солдан оңға қарай, содан соң кері қарай санайды. Цифрлы карточкаларды алып тастайды. Суреттің төменгі жағында кішкентай текшелер берілген. Балалар нүктелерді санайды.

Суреттерде неше нүкте бар? Олардың цифрлар мен таңбалар арқылы жазып шығуға болатынын түсіндіреді.

Берілген тапсырмаға нүктелер мен цифрлар жазылған карточканы жапсыруды тапсырады. Балаларға азайтуға мысал құрастыруға көмектеседі. Жазудағы әр цифр мен таңбаның нені білдіретінін сипаттап береді.

Келесі тапсырманы балалардың оқу қызметін меңгеру деңгейін тексеру үшін беріледі: жазба мен оған сәйкес суретті сызық арқылы қосу.

Қоңыздардың қанатында неше нүкте бар? Олардың цифрлар мен таңбалар арқылы жазып шығуға болатынын түсіндіреді.

Бірінші торкөзге қоңыздың сол жақ қанатындағы нүкте санына сәйкес келетін санның жапсырмасын жапсырамыз. Екіншісіне «+» (қосу) таңбасы жазылған. Оң жаққа оң жақ қанатындағы нүкте санына сәйкес келетін жапсырманы жапсырамыз. «=» таңбасынан кейін нәтижесі жазылады.

Қорытынды

Бұрынғы өткенді қайталау мақсатында берілген тапсырманы орындауға болады. Ол заттарды жіктеуге арналған. Балалар әр ұяшықтағы жиынтыққа тағы бір элемент қосып жапсырады. Балаларды мақтап, мадақтап қорытындылау.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Тапқышбектің тапсырмасын орындайық»

Мақсаты: 1. Берілген тапсырманы толық орындату.

2. Сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру.

3. Тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: дәптер, жыл мезгілдерінің суреттері.

Сөздік жұмысы жыл мезгілдері, кілемше, өрнектер.

Балалар, суретші нені шатастырған?

Бұлт үстіне күнді салып қойған.

Кілемшелерді боямыз.

Сергіту сәті:

Айгөлек ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек!

Айдай толған кезімде

Би билеймін дөңгелеп!

Өрнектің жетіспейтін бөлігін тап.

Сұрақтарға жауап бер

Нені төгеді?

нені байқады?

Нені киеді?

Нені тасиды?

Нені өреді?

Нені тоқиды?

Не туралы айтуға болады?

Нені әндетеді?

Балалар, бүгін сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. Сонымен қандай тапсырмалар сендерге қиын болды? Өте белсен қатысқандарың үшін рахмет.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Бүтін және бөлік»

Мақсаты: «Бүтін және бөліктер» терминін енгізу, бөліктерден бүтінді құрастыруға, бүтінді бөлімге бөлу. Вариативтік компонент: «Тапқышбектер әлемі» жерге бөлуге үйрену; бүтіннің тең бөліктерінің атауымен (жарты, ширек) таныстыру; сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; сөйлеу тілдерін және ойлау қабілетін дамыту;

Сендер аппликация жасауды жақсы көресіңдер ме? Біз сендермен көптеген аппликациялар орындадық. Бүгін мен сендерге біздің аппликациялық жұмыс үшін бөлшектер дайындауды ұсынамын.

Тәрбиеші балаларға түрлі түсті қағаздан дайындалған шаршы, дөңгелек, сопақша, тіктөртбұрыштар таратады. Содан соң тақтаға геометриялық фигуралардан құрастырылған аппликацияны іледі.



Аппликациядан не көріп тұрсыңдар? Қалпағы бар саңырауқұлақ құрастырылған фигураларды қалай атауға болады?

Дөңгелекті бөліктерге бөлдік. Бұл бөлік жартысы деп аталады. Фигураны екіге бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелекті шеттері бір-біріне дәл келетіндей етіп ұқыптап бүктейміз. Олар сызық бойымен бүктеп қию үшін, қайшы беруге болады. Бізде неше жарты пайда болды?

Егер біз әрбір жарты дөңгелекті тағы да екіге бүктейтін болсақ, онда ширек бөліктер пайда болады.

Дөңгелекті ширек бөліктерге бөлуге уақыт беріп, көмектеседі. Содан соң бөліктерін көрсетіп, неше ширек бөлік шыққанын санайды.

Шаршыны жарты бөлікке (ширек бөлікке) бөліп көріңдер. Қалай дайындауға болатынын айтыңдар.

Содан соң жасаған бөліктерін дайын түрдегі өрнекті партаға қоюды ұсынады:

Қорытындылау Енді біз осындай аппликацияны жасай аламыз ба? Бөлшектер дайын ба? Олар қалай аталады? Оларды біз қандай фигурадан алдық?

- Бүгін қандай жаңа сөздермен таныстық?

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Заттардың орналасуы»

Мақсаты: Заттарды әртүрлі белгілері, оның ішінде биіктігі, қалыңдығы, ұзындығы бойынша салыстыра білуге үйрету;

тура және кері санау дағдыларын дамыту; зейіндерін, сөйлеу тілдерін жетілдіру; заттарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: сандар ,түрлі суреттер

«Орманға серуен» атты ситуацияны ұсыну.

Аңдар ағаштың артына жасырынып қалыпты. Қане, оларды тауып көрейік.

Мен қандай аң жасырынғанын және ол жасырынған ағашты сипаттаймын.

Ағашты сипаттайды, бірақ атын айтпайды:

- Ол – ең жуан ағаш, биіктігі орташа (20-кестедегі ағаштар, 15 кестедегі аңдар).

Оның артында қоян жасырынып отыр. Балалар ол ағашты тауып көрсетеді. Егер балалар дұрыс атаған болса, қоян сол ағаштың артында отырады.

- Бұл ағаш ең жіңішке және ең биік ағаш, оның артында тиін жасырынып отыр, т.с.

- Бұл жерде қай ағаш ең биік екенін қалай анықтауға болады? Қай ағаш ең аласа екенін ше? Мүмкін біздің көз мөлшеріміз дұрыс емес шығар? Қалай тексереміз?

Қандай шартты өлшем алсақ болады? Тәрбиеші жолақша-таяқшаны көрсетеді.

Балалармен бірге осындай таяқшаларды әр ағаштың үстіне қояды, неше рет қойғанын санап, ағаштардың биіктігін салыстырады. Әр ағаштың астына тиісті цифр жазылған карточканы қояды. Содан соң ең үлкен цифрды табады. Бұл ағаш ең биігі болып саналады.- Енді ең кіші ағашты табындар (осыған ұқсас жұмыс жүргізіледі)

- Біз орманға серуендедік. Жасырынған аңдар таптық. Енді аңдарға дәптермен қалай жұмыс істейтінімізді, неге үйренгенімізді көрсетейік.

№1 тапсырмада ең биік, ең аласа, биіктігі бірдей мұнараларды табамыз.

Қорытынды Заттарды қалай салыстыру керек? Тақтада салынған жолақтарды салыстыра аласындар ма? Неге? Дұрыс, оларды бір-бірінің үстіне қоюға болмайды. Салыстыру үшін, шартты өлшеуіш алу керек.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Бағыттарды ажырату, оң мен солды айыру»

Мақсаты: 1. Бағыттарды ажырата білуге үйрету, оң мен солды айыруға үйрету.

2. Бой ерекшелерін салыстыру.

3. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.

Көрнекіліктер: дәптер, түрлі түсті қарындшатар.

Балалар, ендеше дәптерге назар аударайық.

Марат Коляның сол жағында отыр. Коля Серіктің оң жағында отыр. Қай бала қай жерде екенін көрсет.

Оңға бағытталғанмензерлі қызыл түспен, солға бағытталғанын көк түспен, жоғары бағытталғанын сары түспен, тқмен бағытталғанын жасыл түспен боя. сергіту сәті:

Жел соқты гу-гу

Жаңбыр жауды тырс-тырс

Жаңбыр басылды,

Күн ашылды.

Балалардың бойын салыстыр. Ең бойшаң және ең аласа баланы ата.

Кім қайда отыр?

Төмендегі пішіндердің ретін бұзбай, толықтырып салып боя.

Балалар, біз бүгін сабаққа өте белсене қатыстық. Балалар, сендерге тапсырмалар қиын болды ма? Белсене қатысқандарың үшін рахмет.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Сәйкестікті ажырата білу»

Мақсаты: 1. Өз жұмысын түсіндіре отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.

2. Сұрақтарға ойланып жауап бере білуге дағдыландыру.

3. Тазалаққа, шапшаңдыққа үйрету.

Көрнекіліктер: дәптер.

Балалар қазір Бір-біріне сәйкес келетін жұп заттарды бір түспен боя.

Ойланып есептерді шеш. Өз жауабынды түсіндір.

Ұяға дейін торғай жылдам ұшып жете ме, әлде жұлдызқұрт па?

Терек тұқымынан қанша қайың өсіп шығады?

Қарға қатты қарқылдай ма, әлде көкек пе?

Килограмм мақта ауыр ма, әлде қант ауыр ма?

Жағаға дейін қаз тез түзе ме, әлде әтеш пе?

Сергіту сәті:

Солға, солға түзу тұр,

Оңға, оңға түзу тұр

Алға қарай бір адым,

Жоғары төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Кім қандай машинамен жүреді? Араларын сызықпен қос.

Құмыраның суретін аяқтап сал.

Балалар, біз бүгін сабаққа өте белсене қатыстық. Балалар, сендерге тапсырмалар қиын болды ма? Бүгін белсене қатысқандарың үшін рахмет.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Бөлімі: Вариативтік компонент: «Тапқыштар әлемі»

Тақырыбы: «Артық затты анықта»

Мақсаты: 1. Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету

2. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу.

3. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: түрлі-түсті қарындаштар.

Сөздік жұмысы: жануарлар, жәндіктер, киімдер, көкөністер, жемістер.

Балалар, берілген тапсырмаларды орындайық.

Бірінші тапсырма: Әр топтағы артық нәрсені тап.

Екінші тапсырма: Өрнекті жалғастыр.

Үшінші тапсырма: Құмыраның ішіне және артына жасырынғандарды тап

Сергіту сәті:

бала, бала, балапан.

қане қайсысы алақан

саусақтары әйбәт.

былай былай ойнап

саусақтарымыз әйбәт,

би билейміз ойнап.

Балалар орнымызға отырып, әліппе діптердегі тапсырмаларды әрі қарай жалғастырайық.

Төртінші тапсырма: суретті қайтала.

Балалар, біз бүгін сабаққа өте белсене қатыстық. Балалар, сендерге тапсырмалар қиын болды ма? Бүгін белсене қатысқандарың үшін рахмет.



Бекітемін

ЖШС «Жанару» б/б меңгерушісі

С.Атыгаева

«Өнерлі екен, он саусақ»

вариативтік компонентінің перспективтік жоспары және тех картасы

ересек топ.

2021-2022 оқу жылы

«Өнерлі екен, он саусақ»

вариативтік компонентінің перспективтік жоспары және тех картасы

ересек топ.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Қағаз, қарындашпен танысу	Қағазбен майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Зейінділікке, қабілетін дамыту. Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу	1
2	Ақ жауын	Балаларды табиғат құбылыстарын бақылап отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларың қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, бейнеленген заттарын музыка әуенімен қимыл қозғалыста үйлестіре білуге бағыттау, ептілік пен жинақылыққа тәрбиелеу	1
3	Түрлі-түсті жіптер	Фломастерді немесе майлы қарындашты дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету. Қағазды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін дамыту; Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
4	Дәмді алмалар	а) Алманың суретін сала білуді үйрету. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.	1
5	Әжемнің әдемі алашасы	Балалардың қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
6	Күзгі жапырақтар	а) Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Жапырақтардың түстерінің ауысуы жөнінде түсіндіре отырып, суреттерін көрсету. ә) Күзгі жапырақтардың суретін салып, қылқаламмен бояу әдісін үйретіп, балалардың қызығушылықтарын арттыру. б) Балаларды табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.	1
7	Торғайларға жем шашамыз.	Жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне триз әдісі арқылы нүктелерді түсіруді үйрету.	1
8	Әдемі доптар	Гуашьпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: дөңгелек затты-доптың суретін салуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялдарын дамыту; байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс қалыптастыру; шыдамдылыққа, төзімділікке, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу.	1
9	Қызыл алма	а) Алманың суретін сала білуді үйрету. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.	1

10	Қандай сурет салғың келеді, балақай	дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуге үйрету; Қолданылатын көрнекі құралдар: Жемістердің суреттері	1
11	Шырша	Қылқалам ұшымен шыршаларды салуға үйрету	1
12	Ағаштар	1.Балабақша айналасындағы өсіп тұрған ағаштардың қасиеті туралы түсінік беру, Өмірдегі оның орны мен маңызы туралы түсіндіру. 2.Балалардың сөз қорын дамыту. 3. Табиғатты аялауға ,ластамауға баулу	1
13	Ұлттық бас киімдер шеруі	Балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын қалыптастыру. Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолданумен өзін - өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуға үйрету	1
14	Қарға көмілген ағаштар	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезіну.	1
15	Аққала	. Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту. Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір-бірімен қосу арқылы салуды үйрету. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.	1
16	Жаңа жылға безендірілген шырша	Жаңа жыл мерекесіне балалардың жеке жаңа жылдық суреттерін салуға үйрету. Шыршаның суретін салуға дағдыландыру. Үшбұрыштар арқылы шыршаны салып, безендіру. Шырша шамдарын бастыру арқылы орналастыру.	1
17	Жақсы деген не, жаман деген не?	Әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалауды үйретіп,дамыту.Адамның теріс қылықтарын көре білуді қалыптастыру;	1
18	Қоянға арналған сәбіз	Қоршаған ортамен таныстыруды жалғастыру,қоянның тіршілігі туралы балаларға түсінік беру. Жануарларға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.	1
19	Театр шежіресі	Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану(маскалар, грим, костюмдер)арқылы баланың жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту	1
20	Торғайлар	Бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне триз әдісі арқылы нүктелерді түсіруді үйрету.	1
21	Жалауша	Балаларды қарапайым бейнелерді жабыстыру біліктерін дамыту.Қиып алу технологиясын пайдаланып, желім жағу арқылы жапсыруға үйрету.	1
22	Көктегі ұшақтар	Әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру, сурет салудағы іскерлік дағдыларын дамыту.	1
23	Ойыншықтар	Ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп /аты, түсі, көлемі, материалы, жасалуына қарай алуан түрлі болатыны/, әңгімелеп айтып беруге, ойыншықтардың жекеше, көпше атауларын айтуға үйрету.	1
24	«Мақтаншақ алма» ертегі	Сюжеті бойынша ертегіні сахналау. Театрландырылған әрекетті менгеру, әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалауды үйрету	1
25	«Нан қайдан шығады» ертегі	Сюжеті бойынша ертегіні сахналауда еңбекті құрметтеу, адамгершілік нормалары туралы түсініктерін қалыптастыру	1
26	Анама арналған сыйлық	Шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру.Ата-ананы сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу.	1

27	Әнші төлдер	Тақпақ сюжеті бойынша кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік әрекеттерді меңгерту. Өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білуге қалыптастыру	1
28	Балапандар	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, эстетикалық талғамын дамыту. Үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	1
29	Мерекелік концерт	Өзін өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуды дамыту.	1
30	Алтын күн	Күн жайлы мәлімет беру, күннің көзі жарқырап тұрса, жылу беретінін түсіндіру, күннің суретін салуға үйрету, қиялдарын дамыту. Өзара ауызбіршілікпен жұмыс істеуге, әдемілікке, талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
31	Ертегі костюмдер жәрмеңкесі	Жәрмеңкеде таныс кейіпкерлер костюмдерін таңдауды, оларға ұқсап әрекеттер жасауды қалыптастыру.	1
32	«Ертегілер әлемі»	Айналадағы өмірде де ертегі болуы мүмкін егер ойшаң болсаң деген түсінікті қалыптастыру	1
33	«Сән орталығы»	Ұлдар батыл, еңбекқор және ақылды, қыздар қарапайым, әдемі өнерлі болуымен қатар өз ойын білдіріп, басқалардың пікіріне құлақ асатын, мінез құлық ерекшелігін тәрбиелеп қалыптастыру	1
34	Сүлгіні әшекейлеу	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру	1
35	Гүлдер	Гүлдердің түрлері мен таныстыру. Сөздік қорларын, ой - өрісін, қиялын дамыту. Гүлдерді аялай білуге әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. Гүлдер туралы тақпақ айтқызып сөздік қорларын дамыту. Гүлдер туралы жұмбақтар жасырып ойлау қабілеттерін дамыту. Гүлдердің түрлерімен таныстырып, оларды ажырата білуге үйрету.	1
36	Жайдарлы жаз келді	«Жайдарлы жаз келді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру; сөздік қорларын толықтыру; табиғатты сүйеге, қорғауға тәрбиелеу.	1
Барлығы: 36			